# БАЛА МЕН БАЛАБАҚША

Республикалық педагогикалық журнал

№2, 2023

Республиканский педагогический журнал

# РЕБЕНОК В ДЕТСКОМ САДУ



## Маңғыстау облысы білім басқармасының Ақтау қаласы бойынша білім бөлімінің №61 "Сұлтан" бөбекжайынан фотокөрініс



Бөбекжай директоры
**Балмагамбетова Тыныштық Калниязовна**





Бөбекжай әдіскері
**Ұзақбаева Мәдина Сайынқызы**



Бөбекжай әдіскері
**Жанмуратова Райса Шолибаевна**





# Бала мен балабақша
# Ребенок в детском саду

Республикалық педагогикалық журнал
Республиканский педагогический журнал
Издаётся с 2007 г.

Ай сайын шығады
Выходит 12 раз в год

Ақпан-Февраль №2 (177) 2023


## МАЗМҰНЫ
## СОДЕРЖАНИЕ

### Бүгінгі мектепке дейінгі тәрбие және білім мәселелері
### Проблемы современного дошкольного воспитания и образования


**Кересва М.** «Балабақшада ойын арқылы балалардың сөздік қорларын дамыту жолы» ........ 2
**Жакузова С.** «Балабақшадағы жылыжай» ........ 3
**Балтабекова А.** Балабақшада орыс тілді балаларға қазақ тілін ойын арқылы үйрету ........ 4
**Грымаловская Е.В.** Музыкальные игры с элементами театра на музыкальных занятиях в ДО ........ 5


### Маңғыстау облысы білім басқармасының Ақтау қаласы бойынша білім бөлімінің №61 «Сұлтан» бөбекжайынан
### Ясли-сад №61 «Сұлтан» г.Актау Мангистауской области


**Балмағамбетова Т.** «Жаңа технологиялардың оқу-тәрбие үрдісінде қолданылуы» ........ 7
**Дәуітқызы А.** «Ұлт ұстазы – Ахмет» ........ 8
**Кумисбаева Н.** Логопедтің жұмысында нейропсихологиялық және кинезиологиялық ойындар мен жаттығуларды қолдану ........ 9
**Ұзақбаева М.** «Әжем айтқан ертегі» ........ 10
**Жанмуратова Р.** «Ертегілер елінде» ........ 11
**Аллабергенова А.** «Сайқымазақпен ойнаймыз!» ........ 13
**Дүйсенова Р.** «Сиқырлы әріптер» ........ 14
**Жанабаева Қ.** «Бәрі де татулықтан басталады» ........ 15
**Жұлдызбаева А.** «Кемпірқосақ жолдарында» ........ 15
**Зейнуллаева Г.** «Бауырсақ» ертегісі ........ 16
**Коптлеуова Р.** «Асықты қайдан алады» ........ 17
**Мұғазенова А.** «Көңілді математика әлемі» ........ 18
**Олжабай Г.** «Күзгі баққа саяхат» ........ 19
**Онайшаева Г.** «Сиқырлы пішіндер» ........ 20
**Садыбекова М.** «Көктем келді» ........ 21
**Сапарғалиева М.** «Кім күшті» ........ 22
**Темірбаева А.** «Қуыршақ Әйгерімнің бөлмесі» ........ 24
**Т ұржанова Э.** «Ғарышқа математикамен бірге» ........ 25
**Юсупова М.** «Дыбыстар әлемінде!» ........ 26
**Жаңайқызы Ж.** «Күзгі өлең» ........ 27
**Кансултанова Н.** «Ойнайықта, ойлайық» ........ 28
**Сарсенгалиева Н.** «Көңілді степ-аэробика» ........ 29
**Жоламанова М.** «Қазынаны қаншық» ........ 31


### Ақтөбе облысы, Ойыл ауданындағы «Балдырған» бөбекжай-бақшасынан
### Ясли-сад «Балдырған» Ойылского района Актюбинской области


**Бисебаева А.** Ұлттық құндылықты дәріптеу балабақшадан басталады ........ 32
**Толыбаева Ш.** «Еңбек жолым және білім берудегі жаңашыл тәсілім» ........ 33
**Қалиева А.** «Мектеп жасына дейінгі балалардың дамуындағы ойынның психологиялық-педагогикалық ерекшеліктері» ........ 33
**Шинбаева Ж.** «Тәрбиеші болу – бақыт» ........ 34
**Ажибаева М.** «Балабақша – бақыт баспалдағы» ........ 35
**Бактыгереева Ж.** «Бақытты балалық шақ» ........ 36
**Абдрахманова Г.** «Мектепке дейінгі ұйымдарда математикалық ойындарды қолдану» ........ 37
**Баймұханова С.** Ойын – ерте жастан оқыту мен тәрбиелеудің негізі ........ 38
**Қазыбаева Д.** «Ойын ойға жетелейді» ........ 40
**Сисенгалиева Б.** Тәрбиеші болу – зор міндет ........ 41
**Жолбаева Г.** «Балабақша – бақыт баспалдағы» ........ 42
**Еришева Р.** «Мен Отанның бақытты ұланымын!» ........ 43
**Байманова А.** «Айналайын ақ мамам!» ........ 44
**Дабылова А.** Шырша туралы білімдерін айқындау ........ 45
**Утегенова Р.** «Қош келдің, жаңа жылым!» ........ 46


### Тәрбиелей оқытайық
### Воспитание и обучение


**Мекеева А.** «Жапырақтан композиция жасау» ........ 47
**Убишова У.** «Сиқырлы су» ........ 48
**Сарсембаева Г.** «Тірі және өлі табиғат» ........ 49
**Оразова Р.** «Алтын күз» ертеңгілігінің сценарийі ........ 51
**Ахылбекова Д.** «Түрлі-түсті кілемше» ........ 52
**Кенчимова М.** «Жыр алабы – Жамбыл» атты іс-шараның сценарийі ........ 53
**Артыгалина А.** «Гүл өссе – жердің көркі» ........ 55
**Куспангалиева Г.** "Жобалау әдісін қолдана отырып, тәрбиеленушілердің танымдық сөйлеу дағдысын қалыптастыру" ........ 57
**Командровская В.В.** Занятие на тему «Гласные буквы Е, Ё, Ю, Я, обозначающие два звука» ........ 58
**Жуманова А.И.** «Мир геометрических фигур» ........ 59
**Дюсембаева А.Т.** Проект на тему «Мой дом под крышей голубой» (для детей 5 лет) ........ 60
**Сисенова К.А.** Открытое занятие на тему «Каким воздухом мы дышим» ........ 61
**Улжаева А.А.** Комплексное занятие на тему «Путешествие в страну Насекомия» ........ 63
**Аминова Т.О.** Занятие на тему «Теремок на новый лад» ........ 64



**Меншік иесі:** ЖШС «Тал-Сар плюс»

***Бас редактор:*** **Юрова С.Н.**

***Редактор:*** **Болекбаева Ж.С.**



**Редакция алқасы**

**Еденбаева З.Д.** Алматы қалалық мектепке дейінгі мекеменің әдіскері
**Заурбекова С.О.** КМҚК №132 бөбекжай-бақшасының меңгерушісі
**Искакова Р.А.** Алматы № 9 мектепке дейінгі мекеменің қазақ тілі пәні мұғалімі
**Сарсембаева А.О.** Алматы № 60 мектепке дейінгі мекеменің меңгерушісі
**Култаева Л.А.** АОКБА ҚДИ мектепке дейінгі тәрбие және бастауыш білімді дамыту әдіскері
**Алипкалиева Г.Б.** ОПКБА және ҚДИ әдіскері



***Көркемдеуші редактор***
**Уkенова Л.Н.**
***Техникалық редактор***
**Галиева Р.Т.**

**Редакция мекен-жайы:** Бөгенбай батыр көшесі, 86, 101 б. 050010, Алматы қ., а/ж 46

**Телефоны:** 8 (727) 291-71-92
8 775 856 21 20

**e-mail:** rus-lit@mail.ru

«Бала мен балабақша – Ребенок в детском саду» журналы редакциясына келіп түскен қолжазбалар әдеби өңделеді. Редакция жолданған материалдар сапасына жауап бермейді, қолжазба авторларға қайтарылмайды. Материалдар көшіріліп басылған не пайдаланылған жағдайда осы журналға сілтеме жасалады.

Теруге 10.02.2023 жіберілді.
Басуға 20.02.2023 жылы қол қойылды.
Көлемі 84 x 108/16. Офсетті басылым.
Таралымы 6000.

**Отпечатано в**
ИП "Polyservice"
г. Алматы, ул. Казыбек би 78.
8 (727) 2795732

Журнал Қазақстан Республикасының мәдениет және ақпарат министрлігінде 11.06.2012 жылы тіркеліп, № 12824-Ж куәлігі берілді.

# «Жаңа технологиялардың оқу-тәрбие үрдісінде қолданылуы»

**Балмағамбетова Тыныштық, №61 «Сұлтан» бөбекжайы» ЖБҚ МКҚК-нің директоры**
Ақтау қаласы



Еліміздің жарқын болашағының жалғасы - бүгінгі жас ұрпақ.

Жас ұрпақтың саналы да сауатты, білімді болып қалыптасуы үшін білімді дамыту мәселесі мемлекеттік саясаттың ажырамас бөлігі.

Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының алдына қойған балаларды оқыту мен тәрбиелеудегі негізгі мақсаты – баланың жеке басының қалыптасуы мен жан-жақты дамуы болып отыр.

«Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» мен стандартқа сәйкес әзірленген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасында» мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеу мен оқыту үшін жас ерекшеліктеріне сәйкес біліктері мен дағдыларын қалыптастыра отырып, балалардың физикалық дамуын, коммуникативтік, танымдық, зияткерлік, шығармашылық дағдыларын, әлеуметтік-эмоционалдық дағдыларын және тұлғасын дамыту үшін инновациялық әдістер мен педагогикалық технологияларды қолдануды басты міндет етеді.

Сондықтан мектепке дейінгі білім беру ұйымдарындағы білім беру жүйесінде оқыту, тәрбие беру үрдісін технологияландыру және педагогикалық жаңа технологияларды қолдану негізінде бүлдіршіндердің еркін дамуына, жан-жақты білім алуына, белсенді, шығармашыл болуына және жеке тұлға болып қалыптасуына жағдай жасау әрбір педагогтің міндеті.

Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының жұмыс тәжірибесінде балаларға сапалы білім мен тәрбие беру мақсатында оқыту мен тәрбиелеудің әртүрлі педагогикалық жаңа технологиялары жасалып енгізілуде.

Технология дегеніміз не? Технология – бір істегі, шеберліктегі, өнердегі әдіс жиынтығы.

**Академик Б.Т.Лихачев:** *«Педагогикалық технология-лар-оқыту түрін, тәсілдерін, әдістерін, жолдарын арнайы анықтайтын психологиялық-педагогикалық нұсқау жиынтығы. Ол-педагогикалық даму барысын ұйымдастыратын әдістеме құрал»* – деп анықтама береді.

Педагогика ғылымдарының докторы, профессор **М.В.Кларин:** *«Педагогикалық технология-ғылыми-әдістеме құралдары және жеке тұлғамен жұмыс істеу ретінің педагогикалық мақсаттарға жету үшін пайдаланылатын жүйелі жиынтығын білдіреді»* – деп дәлелдейді.

Қазіргі таңдағы мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының оқу – тәрбие үрдісінде қолданылатын педагогикалық технологиялардың бірнеше түріне тоқталайық.

Мнемокесте технологиясы. Бұл жадыны дамыту технологиясы, есте сақтау өнері. Яғни берілген білімді өте ұтымды есте сақтау әдіс-тәсілі. Өлең-тақпақтарды жаттау, мақал-мәтелдер айту, жұмбақтар шешу және ертегі, әңгіме мәтінінің мазмұны бойынша жүйелі суреттерді көрсете отырып, айта білуге үйрету. Балаға сөзбен айтып түсіндіргеннен, суретпен көрсету тез есінде қалады. Бұл әдіс сөз, сөйлем, мәтіндерді есте сақтап қалуын жеңілдетеді. Баланың сөздік қоры молайып, байланыстырып сөйлеу дағдылары жетілдіріледі.

Ойын технологиясы-педагогикалық жұмысты ойын түрінде ұйымдастырудың әдістері мен тәсілдерінің жиынтығы.

Ойын –мектеп жасына дейінгі балалардың әрекетінің негізгі түрі. Ойын айналадағы дүниені танудың тәсілі. Ол баланың жасына қарай өзін қоршаған ортаны танып білуге құштарлығын арттырады. Айналадан бақылап көргенін, танып қабылдаған нәрселерін ойын арқылы бейнелей көрсетеді. Қоршаған ортадан қабылдаған білімдік ұғымдар ойын нәтижесімен тиянақталып, тұрақты әдетке айналады.

Ойын технологиясының мақсаты-дидактикалық, тәрбиелік, дамытушылық, әлеуметтендірушілік мақсатқа жету.

Бұл технологияның ерекшелігі - ойындық іс-әрекеттің психологиялық механизмі жеке тұлғаның өзіндік талап-талғамдарына сүйенеді. Баланың бойындағы білімділік, танымдық, шығармашылық қасиеттерін аша түсуді көздейді. Сабақтың тиімділігін, баланың санасын арттырумен бірге білім алу белсенділігін, шығармашылық ойлау қабілетін дамытады. Баланың сөйлеу қабілетінің даму әрекетін тездетеді, танымын күшейтеді.

Асық технологиясының мектепке дейінгі жастағы балалардың танымдық қабілеттерін қалыптастыруда үлкен маңызы бар. Төрт түлік малдың асығы туралы мағлұмат бере отырып, барлық ұйымдастырылған іс-әрекеттерде асық технологиясын қолдану балалардың қызығушылықтарын арттырып, білімдерін кеңейтеді. «Ханталапай», «Асық ату» және т.б ұлттық ойындар, сауат ашу ұйымдастырылған іс-әрекеттерінде дыбыстарды ажырату, буындарды құрастыру, математика негіздері ұйымдастырылған іс-әрекеттерінде сандарды санау, сан құрамдарын білу, бейнелеу өнері ұйымдастырылған іс-әрекеттерінде асықты пайдалана отырып, суреттерді салу, ән-саз ұйымдастырылған іс-әрекеттерінде асықтан жасалған құралдарды пайдалану, яғни асықтан жасақталған материалдарды қолдана отырып, үйрету технологиясын тиімді қолдану.

Денсаулық сақтау технологиясын қолданудың мақсаты - дені сау баланы тәрбиелеу, өз денсаулығына саналы түрде қарау, салауатты өмір салты негіздерін, қауіпсіз өмір сүру дағдыларын қалыптастыру. Балалардың денсаулығын нығайтатын, ағзаны шынықтыратын, негізгі қимыл түрлерін дамытатын жағдайлармен қамтамасыз ету. Дененің өсуі мен дамуының табиғи процестерін жетілдіру, қимыл-қозғалыстарға деген қажеттіліктерді қанағаттандыру, дене белсенділігін дамытуға жағдай жасау. Ертеңгілік жаттығулар, тыныс алу жаттығулары, көзге арналған жаттығулар, шынықтыру шаралары және т.б. жаттығуларды, ұйымдастырылған іс-әрекеттерде денсаулық сақтау технологияларын жүзеге асыру.

Құм терапиясының мақсаты – балалардың қиялын, көрнекі-бейнелік ойлауын, сөздік-логикалық ойлауын, көрнекі іс-әрекеттік ойлауын, шығармашылық және сын тұрғысынан ойлау дағдыларын дамыту.

Құм терапиясы арқылы балалардың шығармашылық, танымдық, интеллектуалдық қарым –қатынастары қалыптасады. Эмоционалдық көңіл-күйлеріне оң әсер етеді, баланың өзіндік дамуы үшін тамаша құрал болып табылады. Баланың табиғи әрекеті формаларының бір түрі.

Ақпараттық коммуникативті технологияларды мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында пайдалану мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту процесінің сапасын арттыруға мүмкіндік туғызады.

Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында ақпараттық коммуникативті технологияларды қолданудағы негізгі мақсат-баланың танымдық қызығушылығын қалыптастыру. Балада танымдық қызығушылықтың болуы олардың оқу іс-әрекеттерге белсенділіктерінің артып, білімдерінің сапалы болуына және жағымды мінез-құлықтарын қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Ұйымдастырылған іс-әрекеттерде аудио, видео құралдар, компьютер, интерактивті тақта, интернет, мультимедиялық құрал, электрондық оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендер сияқты инновациялық білім беру құралдарын қолданудың маңызы өте зор.

Қазіргі таңда көптеген интерактивтік бағдарламалық бөлімдер, қозғалмалы объектілер құруға мүмкіндік беретін векторлық және графикалық жабдықтар көптеп шығып, қолданыс табуда. Соның ішінде мультимедиялық оқулықтарды мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында кеңінен пайдалану. Мультимедиялық электронды оқулықтар бала үшін де, педагог үшін де күнде дамытылып отыратын жаңаша әдістемелік жүйе болып табылады.

Педагог әр ұйымдастырылған іс-әрекеттерде жиі көрнекіліктер ауыстырмай, мультимедиялық оқулықтар арқылы уақытты тиімді және ұтымды пайдаланады.

Проблемалық оқыту технологиясы-баланы өз бетімен ізденуге үйрету, танымдық және шығармашылық қабілеттерін дамыту. Яғни, балалардың белсенділігін арттыру, оқу әрекетінде баланы қызықтыратындай мәселе тудыру, бала материалды сезім мүшелері арқылы қабылдап қоймайды, білімге деген қажеттілігін қанағаттандыру мақсатында меңгереді, бала оқытуды өмірмен және еңбегімен байланыстырады.

Өздігінен даму технологиясы-бұл баланы жан-жақты дамыту, дербестікке тәрбиелеу, бала санасында нәрселер әлемі мен ойлау әрекетінің бірігуі. Мұнда оқыту бала дамуына сәйкес табиғи болуы керек, сонда ғана бала өзін дамыта алады. М.Монтессори педагогикасының түсіндіруінше баланың туғаннан азамат болғанға дейін барлық өмірі- оның еркіндігі мен дербестігінің дамуы болып табылады.

Бұл технологияның ерекшелігі оқытудың бірыңғай бағдарламасы болмайды, әркім табиғат берген даму жолымен жүреді. Әр баланың іс-әрекеті өз еңбегіне орай үлкендердің басқа бала тарапынан бағаланады. Мұндағы басты мәселе бала өзін-өзі бағалайды.

Ынтымақтастық педагогикасы-педагогтың талап ету педагогикасынан қарым-қатынас педагогикасына көшуі. Балаға ізгілік тұрғысынан қарау, оқыту мен тәрбиенің ажырамас бірлігі: тәрбиеші-бала, бала-тәрбиеші, бала-бала, яғни бала да, тәрбиеші де субъектілер болып табылады. Сонымен қатар, баланың жеке басына ізгілік қарым-қатынас, бала мен тәрбиеші арасындағы өзара түсінушілік, ынтымақтастық қарым-қатынас жасау.

Бұл технологияның негізгі мақсаты-баланы жеке тұлға етіп тәрбиелеу, олардың танымдық күшін қалыптастыру және дамыту, баланың жаны мен жүрегіне жылылық ұялату.

Деңгейлеп саралап оқыту технологиясы-білім, білік, дағдыны меңгерту болып табылады. Әр баланы қабілеті мен мүмкіндік деңгейіне қарай оқыту, балалардың әртүрлі топ ерекшеліктеріне сәйкес оқытуды бейімдеу, ыңғайлау.

Модульдік оқыту технологиясы – оқытудың тұтас технологиясын жобалау, алға қойған мақсатқа жетуді көздейтін педагогикалық процесті ұйымдастыру, тәрбиешіге нәтижені талдап, түсіндіріп бере алатындай жүйені таңдау және құру. Балалармен жүргізілетін жұмыстарда кездесетін қиыншылықтардың алдын-алу және түзету жұмыстарының жүйесін құру.

Дамыта оқыту технологиясының мақсаты-баланың оқу әрекетінің белсенділігінің психологиялық негізін қарастыру. Баланы оқыта отырып, дамыту. Жеке тұлғаның қабілеттілігін қалыптастыру. Бала бойында еркіндік, мақсаткерлік, ар-намыс, мақтаныш сезім, дербестік, адамгершілік, еңбексүйгіштік, белсенділік сияқты қасиеттерді дамыту.

Аталған жаңа педагогикалық технологиялар мен инновациялық құралдарды оқу – тәрбие үрдісінде балалардың жас ерекшеліктерін және қабылдау мүмкіндіктерін ескере отырып пайдалану қажет.

Оқу-тәрбие жүйесінде жаңа педагогикалық технологияларды меңгеру педагогтен орасан зор іскерлік пен шығармашылыққа негізделген ізденістерді қажет етеді. Осындай мақсат көздеген жүйелі ізденістер педагогтің жаңа технологияны меңгеруіне, инновациялық жетілуіне мүмкіндік береді.

Осыған сәйкес мектепке дейінгі білім беру ұйымдарындағы тәрбие мен оқыту жүйесінде білім мен тәрбие беру сапасы жақсара түседі.

# «Ұлт ұстазы – Ахмет»

**Дәуітқызы Арайлым,** №61 «Сұлтан» бөбекжайының тәрбиешісі
Ақтау қаласы



Ахмет Байтұрсынұлы – қазақ даласының «Сегіз қырлы, бір сырлы» деп аталатын атақты адамдарының бірі. Ол талантты әдебиеттанушы, терең ойшыл, жарқыраған публицист, жанқияр саясаткер, ізденуші ғалым, керемет ұйымдастырушы және өз халқының дамуына қызығушылық танытқан қоғам қайраткері болды. Ол энциклопедиялық ақыл мен ерекше қабілеті бар, өмірді жақсы көретін және айналасындағы адамдардың тағдырына бей-жай қарамайтын адам. Ол айналасындағылардың барлығын өзінің таусылмайтын қуатымен терең мағыналы тіршілігімен тарта білді. Ахмет Байтұрсынұлының сан қилы оқиғаға толы өмірі бүгінгі күні де адамдарды таңғалдырады және өмір сүруге, жасампаздыққа деген ұмтылысын оятады!

Халқымыздың өмірінде және бүкіл Еуразия кеңістігінде болып жатқан «өзгерістер дәуірінің» драмалық оқиғаларына қарамастан, оның өмірін конъюнктуралық деп айту қиын, дегенмен ол әрқашан ең өзекті әлеуметтік проблемалардың басында жүрді. Сонымен қатар, оның қоғамдық өмірге атсалысуындағы әрекетін өте дәйекті және мұқият деп айта аламыз. Ахаң басы қасында болған жобалардың әрқайсысын кемелдіктің шекті деңгейіне жеткізді.

Ахаңның өміріндегі ең маңызды істер қатарына үш ірі бастамасын жатқызуға болады: Әлихан Бөкейханов және Міржақып Дулатовпен бірлесе отырып, өз заманы мен бүкіл қазақ халқы үшін тұтас ұлттың сауаты мен білім айнасына айналған «Қазақ» газетін басып шығару; Араб графикасын қолдану арқылы «Төте жазу» жасау және «Алаш-Орда» үкіметінің қызметіне қатысу. Әрине, Ахмет Байтұрсыновтың өмірінде өзгеде айтулы оқиғалар болды, алайда дәл осы оқиғалар қазақ халқының өмірінде терең із қалдырды, оны өз елінің көрнекті ұлы етті, оның тәуелсіздігі туралы арманын асқақ етті.

«Қазақ» газетінде сол кездегі қайта өркендеген қазақ қоғамы үшін танымның кең көкжиегін ашқан мазмұны терең

және тақырып бойынша алуан түрлі материалдар басылып шықты. Дәстүрлі көшпелі казактың «ұзын құлағы» осы газеттің арқасында ақпарат беру құралынан ұлтты тәрбиелеу және кеңінен ағарту құралына айналды. Қазақ зиялыларының айтуынша, бұл белгі қазақтар арасында Еуропалық ғылым мен өнердің таралуын, «Қазақ» газетінің қазақ халқы үшін мәдениеттің терезесіне айналуын және өзгелердің зиянынан қорғаушысы болу ниетін білдірді.

Екінші дүниежүзілік соғыстың батыры **Бауыржан Момышұлы** Қазақ тілі туралы былай деп жазады: *«Біздің ана тіліміз – біздің халықтық қадір-қасиетіміз бен мемлекеттілігіміздің мәні, тот баспайтын өзегі. Ана сүтімен сіңірген ана тілімізді білмеу - барлық ата-бабаларымызды, бүкіл тарихымызды ұмыту дегенді білдіреді».* Біздің кім екенімізді, қайдан шыққанымызды, ана тіліміздің қай тілі екенін және осындай жаңа Тәуелсіз Қазақстандағы әл-ауқатымыз қандай тұлғалардың арқасында екенін мәңгі есте сақтауымыз шарт.

# Логопедтің жұмысында нейропсихологиялық және кинезиологиялық ойындар мен жаттығуларды қолдану

**Кумисбаева Нуржайна, №61 «Сұлтан» бөбекжайының дефектолог-логопеді**
Ақтау қаласы



Нейропсихологиялық жаттығулар неге бағытталған:

- өз денесін сезіну қабілетін дамыту;
- есте сақтауды, ұсақ және жалпы моториканы, кеңістікті шарлау қабілетін дамыту;
- жарты шарлардың үйлесімді өзара әрекеттесуі бойынша жұмыс;
- сөйлеуді белсендіру;
- эмоционалды тұрақтылыққа, зейінді арттыруға және т.б. жұмыс.

Мидың жарты шар аралық өзара әрекеттесуді дамытуға бағытталған тиімді жаттығулар:

- Мидың дамуына арналған жаттығу.

Дәптер парағын алып, оны екіге бөліп алу керек. Бала әр қолына жартысын алады (шынтақтың ештеңеге тиіп кетпеуі маңызды) және бір уақытта оларды мыжырып тастайды, осылайша бүкіл бет жұдырыққа тығылып қалуы тиіс. Содан кейін ол тыныш, баяу және бір уақытта бұл парақтарды түзетуі керек. Әр қол өз бетінше жұмыс істеуі керек және бір-біріне көмектеспеуі тиіс. Екі қолдың саусақтары жұмыс істегенде - мидың әртүрлі аймақтары белсендіріледі. Парақ әр уақытта әртүрлі мыжырылады, сәйкесінше саусақтар әр уақытта әртүрлі жұмыс істеуі керек.

Кинезиология-қозғалыс арқылы мидың дамуы туралы ғылым. Логопедиялық сабақтарда кинезиологиялық жаттығуларды өз бетінше де, сөйлеу әрекетімен де біріктірген жөн: оқшауланған дыбыстарды автоматтандыру, дыбыстарды саралау кезінде буындар мен сөздердегі дыбыстарды автоматтандыру.

Логопедиялық тәжірибеде қолданатын кинезиологиялық әдістер:

артикуляциялық жаттығулар;

тыныс алу жаттығулары;

дыбысты ажыратуға арналған жаттығулар (дыбыстарды қабылдау және саралау);

біріктірілген гимнастика (саусақтардың және артикуляциялық органдардың ұсақ моторикасының бір мезгілде жұмысы);

жалпы және ұсақ моториканы дамытуға бағытталған жаттығулар.

Логопедиялық практикада кинезиологиялық жаттығуларды қолдану бойынша жұмысты іске асыру кезеңдері мен мазмұны:

Біріншіден, логопед оқушылармен бірге техниканы қолдана отырып, кинезиологиялық жаттығуларды үйренеді.

Содан кейін сөйлеуді дамыту міндеттерін орындай отырып, логопед:

– бұл жаттығуларға сөйлеу сүйемелдеуін қосады;
– тілдің қозғалысын қол қимылдарына қосады;
– тыныс алу және қозғалыс жаттығуларын біріктіреді;
– созылу, қозғалыс жаттығуларын ақыл-ой әрекетімен (таңдау, жіктеу, кемсіту) байланысты оқу әрекеттерімен толықтырады.

Жетілдірілген жаттығуларды біртіндеп жасаймыз: алдымен балалар оларды пассивті түрде, логопедтің көмегімен (жеке), ал ассимиляция кезінде – өздігінен (жеке немесе топта) орындайды.

Жаттығулар арнайы әзірленген кешен бойынша жүргізіледі, оған мыналар кіреді:

Тыныс алу жаттығулары

Ұсақ моториканы дамытуға арналған жаттығулар

Тыныс алу жаттығулары;

«Шам»

Партада отырып, сіздің алдыңызда үлкен шам тұрғанын елестетіп көріңіз. Терең демалып, шамды бірден шығарумен үрлеуге тырысыңыз. Енді алдыңызда 5 кішкентай шамды елестетіп көріңіз. Терең демалып, бұл шамдарды дем шығарудың кішкене бөліктерімен үрлеңіз.

«Мұрынмен тыныс алу»

Шалқасынан жатып немесе тұрып, тек сол жақ танау арқылы, содан кейін тек оң жақ танау арқылы демалыңыз (оң жақ танау оң қолдың бас бармағымен жабылады, қалған саусақтар жоғары қарайды, сол жақ танау оң қолдың кішкентай саусағымен жабылады). Тыныс алу баяу, терең.

Ұсақ моториканы дамыту жаттығулары;

«Жұдырық-қабырға-алақан»

Бір-бірін дәйекті түрде ауыстыратын үстел жазықтығында қолдың үш позициясын көрсетіңіз. Сынақ алдымен оң қолмен, содан кейін сол қолмен, содан кейін екі қолмен бірге орындалады.

«Лезгинка»

Сол қолыңызды жұдырыққа бүктеңіз, бас бармағыңызды бір жаққа қалдырыңыз, жұдырықты саусақтарыңызбен өзіңізге қарай ашыңыз. Оң қолыңызбен тік алақаныңызды көлденең күйде сол жақ саусағыңызға тигізіңіз. Осыдан кейін, позицияны 6-8 рет өзгерту кезінде, оң және сол қолдың орнын бір уақытта өзгертіңіз. Позицияларды өзгертуде жоғары жылдамдыққа қол жеткізіңіз.

# «Әжем айтқан ертегі»

**Ұзақбаева Мәдина**, №61 «Сұлтан» бөбекжайының әліскері
Ақтау қаласы



**Мақсаты:** Балалардың туған өлкесі туралы түсініктерін кеңейту. Туған жерінің табиғат құбылыстарын білуді үйрету. Ұлтымыздың салт-дәстүрін, тарихын насихаттау. Тез және дұрыс шешім қабылдауға үйрету. Білім мен біліктілігі арқылы тілдерін дамыту, ұшқыр ойлау қабілетін шыңдату.

**Әдіс-тәсілдер:** көрсету, түсіндіру, сұрақ-жауап, мадақтау:

**Қолданылатын технологиялар:** Ақпараттық коммуникативтік технологиялар, ойын технологиясы, асық технологиясы, мнемокесте технологиясы, денсаулық сақтау технологиясы; тас технологиясы және құм терапиясы.

***Ұйымдастырылған оқу қызметінің барысы:***

*Слайд арқылы бейнебаян:*

(*Балалар әуен ырғағымен, ағаш үйге кіреді. Әжесі мен немересі ыңылдап ән айтып, ұршық иіріп отырады.*)

**Әже**: *Амансыңдар ма, балаларым! Қалдарың қалай?*

**Балалар**: Сәлеметсіз *бе, әже*. Әже, біз ертегілеріңізді сағынып, бүгін міне *сізге ертегі тыңдауға келіп қалдық...*

**Әже:** Жарайсыңдар! Менде сендерді сағындым, олай болса, кәне ыңғайланып отырыңдар. Ерте, ерте, ертеде, ескі жұні бөртеде «Ақ шағала» бөбекжайының батыл, әрі өжет балалары болған екен. Олар күндердің бір күнінде ертегілер әлеміне саяхатқа аттанады. Қастарында оларға тәлім тәрбие беріп, білім нәрімен сусындырған тәрбиешісі болады.

(Балалар қиялдай отырып, әуен ырғағымен ертегілер еліне кіреді)

Сиқырлы әуен.

**Әже:** Ертегілер еліне келген балалар аң – таң болып, қызықтап тұрған сәтте, *кенеттен...*

**Мыстан әже:** Бұл не деген у-шу?! Сендер кімсіңдер? Мені ұйықтап жатқанда, шулап оятып жібердіңдер! Қәне, кетіңіздер! «Ертегілер елінде» не істеп жүрсіңдер? Сіздерді жібермеймін ары қарай!

**Тәрбиеші:** Сәлеметсіз бе, Мыстан әжей! Ия, біздің балалар әженің ертегісін тыңдап отырып, қиял-ғажайып ертегілер әлеміне кіріп кетті. Енді біз қайтадан бөбекжайымызға оралуымыз керек. Ол үшін не істеуміз керек?

**Мыстан әжей:** Бөбекжайға оралу үшін менің тапсырмамды дұрыс орындаңыздар. Сонда ғана мен сендерге жол көрсетемін. (қолындағы алтын сақасын шығарады) Сендердің білімдеріңді тексергім келеді.

**Тәрбиеші:** Жарайды Мыстан әжей, сіздің тапсырмаңызды біздің балалар орындайды.

**Мыстан әжей:** Ендеше, тапсырманы мұқият тыңдаңдар. Асық туралы қаншалықты білетіндеріңді тексергім келеді. Асық дегеніміз не?

(**Асық** – төрт түлік мал мен қоңыр аңдар тілерсегінде болатын, қызметі аса күрделі, буынға біткен шымыр сүйек. Қой, ешкі, сиыр, түйе асығы үлкен-кішілігіне қарамастан бір пішіндес, мүсіндес келеді. Ал жылқы асығы басқа пішінді болады.)

Мен сіздерге асықтың түсу жақтарын көрсетемін, соны маған айтып беріңіздер?

(Алшы, тәйкі, бүк, шік)

Асықпен қандай ойындар ойналады?

(Асықпен «Ханталапай», «Үш табан», «Шеңбер»сияқты неше түрлі асық ойындары ойналады.)

Мыстан әжей:О, жарайсыңдар! Олай болса, менің екінші тапсырмамды орындау үшін кәне топқа бөлініңіздер. (балалар 3 топқа бөлінеді)

***1-топ: «Кім жылдам?»*** *(Шатасқан асықтарды түстеріне қарай, жылдамдықпен ажырату.)*

***2-топ: «Моншақты тізбекте»*** *(Бетіне дыбыстар жазылған асықтардан сөз құрастырып, моншаққа тізу. Қандай сөз шыққанын оқып беру.)*

***3-топ: «Асықты ату»****(*Асықтарды көздеп, белгіден асырып өткізіңдер және тек өткізіп қана қоймайсыздар, асықтың қалай түскенін атайсыңдар.*)*

**Мыстан әжей:** Керемет балалар, сіздер өте ақылды екенсіңдер! Мен уәдемде тұрамын. Олай болса, мына асықты жолдармен бөбекжайға ораласыздар. Сау болыңыздар.

**Әже:** Мыстан әженің тапсырмасын орындаған балалар сиқырлы асықтардың үстімен жүріп келеді. Осы кезде алдарынан мұңайып отырған Толағайды көреді.

**Тәрбиеші:** Сәлеметсіз бе, Толағай!

**Толағай:** Сәлем балақайлар.

**Тәрбиеші:** Сіз бізге көмектесе аласыз ба? Бөбекжайға оралатын жолды таппай келеміз.Ертегі әлемін сіздерден басқа ешкім жақсы білмейді.

**Толағай:** Жоқ, мен көмектесе алмаймын. Менің ешқандайда көңіл-күйім жоқ. Ауылым көріп тұрғандарыңыздай құрғақшылықтың зардабын көріп жатыр.Аптап ыстық, жауыншашынның болмауынан ағаштар өспей қалды. Мен ауылымды қалай қорғаудың, шешімін таппай отырмын.

**Тәрбиеші:** Толағай, сіз уайымдамаңыз. Біздің балалар өте ақылды, білімді. Біз сізге қалай көмектесуді білеміз.

**Толағай:** Ой, балалар, рақмет сіздерге! Ия, маған көмектеріңіз қатты қажет.

**1 Бала**: Су – тіршілік көзі. Оны тамаққа пайдаланамыз, шөлімізді басамыз. Сонымен қатар егін суарамыз, өрт сөндіреміз. Жан-жануарлар, балықтар, құстар да сусыз өмір сүре алмайды. Сондықтан суды бекерге төкпей, үнемдей білуіміз керек. Суға қоқысты тастауға болмайды, жазда теңізге түсуге барғанда, өзімізден кейін қалған нәрселердің барлығын жинап бірге алып кетуіміз керек. 2 Бала: Дана халқымыз «Суды бекерге төкпе», «Судың да сұрауы бар» деп айтатыны сондықтан. Дидактикалық ойын: «Жаңбыр қалай жауады?»

(Көп тамшыдан су пайда болады. Су өмір бойы айналымда болады. Ол жаңбыр болып жерге түседі. Арық болып өзенді құрайды. Содан кейін қайтадан күн шуағымен бу болып аспанға көтеріліп, жер бетіне жаңбыр болып оралады.)

**Толағай:** Ой, балалар, рақмет сіздерге! Мен бұның бәрін білмеппін.

**Тәрбиеші:** Толағай, ағашты қалай күтіп, баптап, ұстау қажет

екенін сіз білесіз бе?

**Толағай:** Жоқ, балалар, оны да білмейді екенмін, маған көрсетесіздер ме?

(Балалар таска салынған суреттер арқылы әңгімелеп береді) (осы кезде қатты нөсер жаңбырдың дыбысы шығады, жаңбыр жауады)

**Толағай:** Алақай, жаңбыр жауды! (Жаңбыр кіреді)

Сәлеметсіздер ме, балалар! Сіздерді көргеніме қуаныштымын! Сіздерді қатты сағындым!

**Толағай:** Алақай, жаңбыр жауды, алақай! Қош келдің, жаңбыр! Біз сізді көп күттік.

**Жаңбыр:** Балалар, сіздер жауынның астында би билегенді ұнатасыңдар ма? Ендеше келіңдер би билейік.

**Сергіту жаттығуы:** Балалар «Жау, жау жаңбыр»әнінің әуенімен би билеп, сергіту жаттығуын орындайды.

**Толағай:** Балалар,сендерге алғысым шексіз. Менің ауылыма өте үлкен көмек көрсеттіңдер. Қош, сау болыңыздар!(жолды жауып тұрған үлкен тастарды алып, жолдан өтуге көмектеседі)

**Әже:** Толағайға көмектескен балалар жолға шықты. Алдарыннан көк шөп, тасты жолдар шығады. Сол жолдармен жүріп келе жатып, алдарынан Алдар көсені көреді.

**Тәрбиеші:** Сәлеметсіз бе, Алдар көсе! Біз әженің ертегісін тыңдап отырып, қиял-ғажайып ертегілер әлеміне кіріп кеттік. Енді біз қайтадан бөбекжайымызға оралу үшін ертегіден шығар жолды іздеп жүрміз.

**Алдар көсе:** Сәлеметсіз бе, балалар! (дүрбі арқылы бөбекжайды қарап табады)

Ия, ия көрдім, таптым бөбекжайды. Бірақ айтпаймын!

**Тәрбиеші:** Алдар көсе өтініш айтыңызшы, біз бөбекжайға оралатын уақытымыз да болды, көмектесіңізші!

**Алдар көсе:** Олай болса,сендер маған алдымен көмектесіңіздер? Менің ертегімде білесіздер, байда өте әдемі киіз үй бар. Енді менде сондай киіз үй салайын десем мына ағаштардан түк шығара алмай басым қатты...

**Тәрбиеші:** Алдар көсе, сен еш уайымдама. Біздің балалар киіз үй туралы бәрін біледі. Ал, балалар, ендеше Алдар көсеге көмектесейік.

**Тәрбиеші:** Киіз үйдің іші 4 бөлімге бөлінеді:

Төр. Мұнда жүк жиналады, қонақтар орналасады. Бұл – киіз үйдің жоғары әрі сыйлы орны. Киіз үйге кіргендегі оң жақ босағада азық - түлік, ыдыс - аяқтар тұрады. Оны шимен жауып қояды. Киіз үйге кіргендегі сол жақ босағада ер - тұрмандар, киімдер ілінеді.

**1-бала:** Киіз үйде отыру тәртібі.

Таянып отыруға болмайды. Қолын төбесіне қойып немесе желкесіне қойып отыруға болмайды. Киіз үйге тамақ жеп кіруге болмайды. Киіз үйге қолына қамшы ұстап кіру жөнсіз саналады.

**Тәрбиеші:** Ия, Алдар көсе. Олай болса балалар, кәне, енді киіз үйдің негізгі бөліктерін атайық.

**2-бала:** Уық – кереге мен шаңырақ ортасын қосатын негізгі бөліктің бірі. Уық алақандағы уық бау арқылы кереге басына байланып, қаламы шаңырақтың қаламдығына сұғылады. Қалам мен қаламдық төртбұрышты қырланып, ойылады.

**3-бала:** Кереге киіз үйдің негізін құрайды. «Кереген кең болсын» деген тілек осыдан шыққан. Өйткені үйдің берік болуы, кеңдігі осы керегеге байланысты. Керегенің басы мен аяқ жағы сәл шалқайтыла, ал ортасы дөңестеу жасалады. Кереге көзінің үлкен - кішісіне қарап торкөз, жел көз деп бөледі. Торкөзді кереге әдемі әрі берік болады.

**4-бала:** Киіз үйде есік екеу болады: ішкі есік – сықырлауық - ағаштан жасалады, екіншісі – киіз есік – киізден жасалады, ол сықырлауықтың сыртынан жабылады.

**5-бала:** Шаңырақ – киіз үйдің уықтарын біріктіріп, еңсесін көтеріп, тұтастырып ұстап тұратын дөңгелек шеңбер. Ол киіз үйдің қасиетті, киелі мүлкі болып саналады. Қазақтың көптеген жақсы сөздері осыған байланысты айтылады. Шаңырақ «үй, отбасы» деген мағынаны да білдіреді. «Шаңырағың биік болсын» деген тілек бар.

**Алдар көсе:** Сендер расында көптеген мағлұматты біледі екенсіңдер. Енді мен осы ережелерді достарыма айтып жүретін боламын. (балалар 2 топқа бөлінеді)

**1-топ:** «Киіз үйді құрастыру» дидактикалық ойыны:

Салт атты адам киіз үйге артқы жағынан келуі керек.

**2-топ:** «Оюлы текемет» құм терапиясы (балалар құмның бетіне, асықты пайдалана отырып, текеметтің суретін салады)

**Алдар көсе:** Керемет балалар, сендерге көп-көп рақмет. Ендеше балалар, міне, алдарыңыздағы сиқырлы текеметпен жүріп, бөбекжайға оралар жол табасыздар. Қош сау болыңдар!

Слайд арқылы бейнебаян:

(Балалар оянып, жан-жағына қарайды.)

**Әже:** Осылайша балалалар шытырман оқиғаға толы ертегілер елінен бөбекжайға оралып, бақытты ғұмыр кешеді. Ой балалар сендер ұйықтап қалғансыңдар ма?

Ал балалар сендерге ертегі ұнады ма?

Ертегілер әлемінде балалар қандай кейіпкерлерге көмектестіңдер?

Ертегіні мұқият тыңдағандарың үшін менің сендерге өзімнің дайындаған балқаймағымды берейін.

# «Ертегілер елінде»

**Жанмуратова Райса,** №61 «Сұлтан» бөбекжайының әдіскері
Ақтау қаласы



**Мақсаты:** Балалардың тілін дамыту жұмыстарын жүргізу, іс-әрекет дағдыларын меңгерту. Балаларды тапқырлыққа, ізденімпаздыққа тәрбиелеу. Математикалық мазмұндағы дидиактикалық ойындар арқылы білімдерін тексеру. Математикалық амалдарды орындау арқылы логикалық ойлау қабілетін дамыту. 1-ден 5-ке дейінгі сандарды үйрету. Сонымен қатар балалардың ой-өрісін, сөздік қорын, тіл байлықтарын тексере отырып, білімдерін тиянақтау. Балаларға ертегінің мазмұнын түсініп, айтып беруге үйрету, сахналауға талпындыру, кейіпкердің мінез - құлқын сезіндіру, есте сақтау қабілеттерін қалыптастыру.Балаларға дауысты/дауыссыз дыбыстарды меңгерту.Олармен буын, сөз құрап оқу. Өткен дыбыстармен дыбыстық талдау жасауды үйрету.

**Көрнекі құралдар:** Слайд, асықтар, қима әріптер, ермексаз, касса, дидактикалық ойындар.

**Әдіс тәсілдер:** сұрақ-жауап, ойындар, ертегі желісін пайдалану, мүсіндеу, логикалық сұрақтар.

Балалар бүгін бізде өте ерекше және қызықты күн болмақ. Алдыменен шаттық шеңберінде тұрып келген қонақтар мен амандасып алайық.

**Шаттық шеңбер.**
*Біздер жақсы баламыз,*
*Өсті ақыл санамыз.*
*Қонақтар мен ең алғаш,*
*Амандасып аламыз. Сәлеметсіздер ме.*
Қазір жылдың қай мезгілі?
Күз мезгілінде неше ай бар? Атап бер.
Күз мезгілінде ауа райында, табиғатта қандай өзгерістер болады ?
Бір жылда неше мезгіл бар? Атап бер.
Балалар сендер ертегі атауларын білесіңдер ме?
**Балалар:** Ия.
Балалар орындарына отырады.
Балалар мен сндерге жұмбақ жасырамын сол жұмбақтың жауабын дұрыс тапсаңдар, сол ертегіні мына көгілдір экран арқылы көретін боламыз.
*Қашып кеткен атадан,*
*Қашып кеткен әжеден,*
*Орманда кеше жүр едім,*
*Домалап шықты алдымнан.* (Бауырсақ)
Ендеше бізде алдымыздағы ермексаздан бауырсақты мүсіндеп тарелкаға салып қояйық.
Ал енді ертегіміз әрі қарай қалай болады екенін көгілдір экран арқылы көрейік.
Бауырсақтың алдынан қоян кездесіп қалады.
**Қоян:** Бауырсақ, бауырсақ мен сені жимін.
**Бауырсақ:** мені жемеші мен сенің кез келген тапсырмаңды орындаймын.
**Қоян:** менің қарным аш маған сәбіз жинап беріңдер.
**Бауырсақ:** Балалар сендер маған көмектесесіңдер ме?
**Балалар:** Ия.
**Қоянның тапсырма:** Д/О: Кім қанша сәбіз жинайды?
**Д/О:** Сандарды суреттермен сәйкестендіру .
Жарайсыңдар балалар қоянның тапсырмасын дұрыс орындадыңдар. Балалар шаршаған боларсыңдар, орнымыздан тұрып бір сергіп алайық.
**Сергіту сәті.**
*Бір үйде біз нешеуміз?*
*Кел санайық екеуміз.*
*Бас бармағым – әкем,*
*Балан үйрек – анам,*
*Ортан терек – ағам,*
*Шылдыр шүмек – мен,*
*Кішкентай бөбек – сен.*
*Бір үйде біз нешеуміз?*
*Бір үйде біз бесеуміз.*
Әрі қарай бауырсақ қайда барады екен, экранға назар аударайық. Қасқыр шығады екен.
**Қасқыр:** бауырсақ, бауырсақ мен сені жеймін.
**Бауырсақ:** мені жемеші мен сенің барлық тапсырмаңды орындаймын.
**Қасқыр:** Ормандағы жануарлар өз коректерін таппай қалыпты, жануарлардың қорегін тауып бер.
**Бауырсақ:** жарайды. Маған достарым көмектеседі.
Балалар жануарлар өз қорегін ауыстырып алған екен. Ендеше біз жануарлардың қорегін тауып берейік.

Қасқырдың тапсырмасы: Д/О: Әр жануардың қорегін табу.
Жарайсыңдар балалар қасқырдың да тапсырмасын орындап бауырсақты құтқардық.
Әрі қарай ертегіміз қалай жалғасар екен тағы экранға қарайық.
**Аю:** Бауырсақ, бауырсақ мен сені жеймін.
**Бауырсақ:** мені жемеші мен сенің тапсырмаңды орындаймын.
**Аю:** менің тапсырмам ара сөзін буынға бөл және дыбыстық талдау жасау. Және бірнеше сұрақтарым бар.
**Бауырсақ:** жарайды маған достарым көмектеседі.
**Аюдың тапсырмасы:** Сөзге дыбыстық талдау жасау. Балалар аю нені жақсы көреді? Балды қандай жәндіктен аламыз? Ара сөзіне дыбыстық талдау жасау.
Дыбыс дегеніміз не
Әріп дегеніміз не
Дыбыстар нешеге бөлінед? Қандай?
Дауысты дыбыстар қалай айтылады? Қандай түсті текшемен көрсетіледі?
Дауыссыз дыбыстар қалай айтылады? Қандай түсті текшемен көрсетіледі?
Сөздер неден құралады?
Сөйлем неден құралады?
Жарайсыңдар балалар аюдың тапсырмасын да дұрыс орындадыңдар. Тағы да көгілдір экранға назар аударайық, әрі қарай бауырсақ қайда барады екен. Түлкіге кездеседі екен.
**Түлкі:** бауырсақ, бауырсақ мен сені жеймін.
**Бауырсақ:** Мені жемеші мен сенің тапсырмаңды орындаймын.
**Түлкі:** Д/О: Әріптерден буын құра.
Логикалық сұрақтар. Миға шабуыл.
1. Қонжық біреу, табаны нешеу?
2. Екі қоянда неше құлақ бар?
3. Аланда емен ағашы өсіп тұр. Еменде барлығы неше алма өсіп тұр?
4. Орманда аңдар арасында жүгіруден жарыс өткізілді. Жүгіруге қоян, түлкі, балық қатысты. Осы жарыста балық нешінші болып келді деп ойлайсыңдар?
5. Шеңбердің бұрышы бар ма?
6. Иттің құйрығы нешеу?
7. Ай көп пе, жұлдыз көп пе?
8. Не ауыр піл ме, қоян ба?
9.Жағаға дейін қаз тез жүземе, әлде әтеш пе?
10. Аю үлкен, ал тиын...
11. Алма тәтті, лимон...
Жарайсыңдар балалар өте жақсы сендер бауырсақты түлкіден де құтқардыңдар. Өте білімді, тапқыр, алғыр екенсіңдер. Әрдайым өздеріңнен көмек сұраған жандарға көмектесіп жүріңдер.
**Қорытынды.**
Балалар бүгін қандай ертегімен таныстық?
Сендерге қай кейіпкердің тапсырмасы қызықты болды ?
Ертегінің кейіпкерлерін атап беріңдер ?
Бүгінгі ұйымдастырылған іс әрекет сендерге ұнады ма?
Қош сау болыңыздар.

# «Сайқымазақпен ойнаймыз!»

Алдабергенова Айсауле, №61 «Сұлтан» бөбекжайының тәрбиешісі
Ақтау қаласы



**Мақсаты:** Балаларды заттардың түстері бойынша ажыратып және түстерді дұрыс атай білуге, заттарды ұзындықтары бойынша салыстыра білуін қалыптастыру. Байқағыштық, зейін,есте сақтау қабілеттерін дамыту.

**Керекті құралдар мен жабдықтар:** бөлшектерге бөлінген, сайқымазақ бейнесі салынған конверт, отбасы мен төрт түлікке байланысты суреттер, әртүрлі ленталар, шарлар.

**Ұйымдастырылған іс - әрекеті:**

**Тәрбиеші:** Балалар, бүгін бізде ерекше күн. Себебі, бүгін біздің топқа көптеген қонақ апайлар келіп отыр. Қане амандасайық.

**Балалар:** Сә-ле-мет-сіз-дер-ме!

**Тәрбиеші:** Жарайсыңдар балалар! Балалар шаттық шеңберде тұрып қане көңіл күйімізді көтеріп алайық!

**Балалар:** *Біз ерекше баламыз*
*Айтқан тілді аламыз!*
*Достарымды көргенде*
*Қуана қарсы аламыз!*

(Бәрі бір-бірімен құшақтасып амандасады).

Күз мезгілі туралы сұрау

**Тәрбиеші:** Балалар, бүгін бізге тағы да бір адам қонаққа келемін деген. Ол өте көңілді, мейірімді күлкілі адам. Ол балаларды өте жақсы көреді. Кім деп ойлайсыңдар, ол кім?

Балалар ойларын айтады.

**Балалар:** Ата, әже, аяз ата

**Тәрбиеші:** Қазір біз оның кім екенін білетін боламыз.

Балалар, бүгін біздің топқа біреу мына әдемі қорапты әкеліп тастапты. Қараңдаршы, қандай әдемі қорап? Оның ішінде не бар екенін көрейік. Көреміз бе?

**Балалар:** Иә

**Тәрбиеші:** Балалар мына қорапта бөлшектенген суреттер бар. Не бейнеленгенін үстел басына барып, құрастырып білейік.

(Балаларға бөлшек суреттерді таратып ,оларды бүтін етіп құрастыруды ұсынады. Балалар тапсырманы орындайды)

**Тәрбиеші:** Керемет сурет шықты.Ол кім екен?

**Балалар:** Сайқымазақ

**Тәрбиеші:** Дұрыс таптыңдар. Бұл Сайқымазақтың суреті

Балалар естисіңдер ме, бір дауыс шығады.

**Дауыс:** ХАХа-Ха Мен Сайқымазақпын. Мен сендердің балабақшаларыңа қонаққа келдім. Мені бөлменің ішінен іздесеңдер табасыңдар. Мен сендермен ойындар ойнағым келеді, менің сендерге арналған тапсырмаларым бар.Тез іздеп алыңдар, достар!

**Тәрбиеші:** Балалар, бұл Сайқымазақ қой. Келіңдер, Сайқымазақты іздеп тауып алайық. Ол сендермен бірге ойындар ойнағысы келеді екен.

Балалар тәрбиешімен бірге Сайқымазақты іздейді. Стол басында әртүрлі ленталар ілініп тұрады.

**Тәрбиеші:** Қараңдар, ленталар. Мұны Сайқымазақ дайындап қойған болу керек.

**Тәрбиеші:** Балалар ленталармен ойнаймыз ба?

**Балалар:** Иә

Танымдық зиятерлік дамыту

**Тәрбиеші:** Ендеше ленталарды алыңдар.

**Тәрбиеші:** Сенің лентаңның түсі қандай?

Толық жауап беруін қалағалау.

**Балалар:** Менің лентамның түсі қызыл

Менің лентамның түсі сары.

**Тәрбиеші:** Балалар келіңдер лентамен ойын ойнайық!

**Ойын: «Ленталарды жина»**

**Тәрбиеші:** 1,2,3

Ленталарды біз жинаймыз!

Музыка әуенімен балалар ленталарды таяқшаға жинайды.

**Тәрбиеші:** Қанеки ленталарды жазып, ұзындықтарын салыстырайықшы.

Балалар ленталарын беттестіру арқылы салыстырады. Ленталардың әртүрлі екені анықталады.

**Тәрбиеші:** Айкөркем сенің лентаңның ұзындығы қандай?

Менің лентамның ұзындығы қысқа

Асыланның лентасы қысқа

Денсаулық сақтау дағды

**Тәрбиеші:** Енді осы ленталармен Жұбыңды тап ойынын ойнайық.

**Қимылды қозғалыс ойыны: «Жұбыңды тап»**

**Шарты:** Балалар музыка әуенімен шашырап жүреді. Тәрбиешінің белгісі бойынша жұптарын тауып тұра қалады.

**Тәрбиеші:** Балалар ленталарды орнына қойып, Сайқымазақты іздеп тауып алайық.

**Тәрбиеші:** Балалар, қараңдаршы қандай әдемі жолдар.Бұл денсаулық жолдары. Осы жолдар бізді Сайқымазаққа апаратын болар. Қанекей жолдармен жүрейік.

**Тәрбиеші:** Қандай әдемі гүлдер. Мұны да бізге Сайқымазақ дайындап қойған болар.

Осы кезде музыкамен Сайқымазақ шығады.

Сайқымазақ ортаға шығып балалармен амандасады.

**Сайқымазақ:** Сәлем достар! Сәлем! Міне менде келдім. Мен сендермен жасырынбақ ойнадым және дүрбімен сендерді бақылап отырдым. Маған сендер өте өте ұнадыңдар.

Мен сендерге құр келгенім жоқ. Мына қолымдағы шарлардың ішінде сендерге алып келген тапсырмаларым бар,сол тапсырмаларымды дұрыс орындасаңдар мен сендерге сыйлық беремін.

**Тәрбиеші:** Қане балалар сайқымазақ бізге қанша тапсырма алып келгенін білу үшін оның қолындағы шарларды санайық.

1-шардың тапсырмасы Коммуникативті дағды

Менің Отбасыма байланысты «Кім бұл» ойынын ойнату. Балалар әрбір отбасы мүшелерін атап орналастырады.

**Сергіту сәті:** Сайқымазақпен бірге сергіту жаттығуын жасап алайық.

*Тербеледі ағаштар,*
*Алдымнан жел еседі.*
*Кіп кішкентай ағаштар*
*Үп үлкен болып өседі.*

2-шардың тапсырмасы Коммуникативті дағды

Үй жануарларына байланысты «Төлдерін тап» деген ойын

3-шардың тапсырмасы Шығармашылық дағды

**Сайқымазақ:** Балалар мен сендерге келе жатқанда добымды жарып алып едім.Маған доп жасап бере аласыңдар ма?

Балалар түрлі түстен доп жасап береді.

Сайқымазақ қуанып,қоштасып балаларға сыйлықтарын таратып береді.

Балаларды мадақтау.

# «Сиқырлы әріптер»

**Дүйсенова Райля,** №61 «Сұлтан» бөбекжайының тәрбиешісі
Ақтау қаласы



**Мақсаты:** Өткен әріптер мен дыбыстардың жазылуын, оқытуын пысықтау, байланыстырып сөйлеуге үйрету, жазуға қолдарын жаттықтыруды жалғастыру. Сөз, буын, сөйлем тақырыптарын қайталау. Тірек сызбалар арқылы сөйлемдер құрастыру, ребус, сөзжұмбақ шешу; Сөздерге дыбыстық талдау жасату арқылы ақыл-ойын, сөздік қорларын, байланыстыра сөйлеу дағдыларын дамыту; Ұйымшылдыққа, ұқыптылыққа баулу. Таза, ұқыпты жазуға тәрбиелеу.

**Көрнекі құралдар:** әріп қималары, әр балаға жеке касса, үлестірмелі суреттер, маркер, тірек сызбасы, карточкалар, цифрлар, үнтаспа, айналар.

**Әдіс-тәсілдер:** Әңгімелесу, сұрақ-жауап, интерактивті тақта

**Шаттық шеңбері:**

Көркем қарашы бүгін бізге қонақтар келіпті ,амандасып алайық.

- Сәлеметсіз бе апай!

(Балалар тәрбиешімен бірге шаттық шеңберін жасайды.)

*Алақай келіңіз!*
*Дайын тұр төріміз.*
*Келіңіз. келіңіз,*
*Бізге риза болыңыз*

-Балалар өте алыс мекенде сауат ашу әлемінде кішкене «Сиқырлы әріптер» деген елдер бар екен, сол елдер әртүрлі сұрақтар мен тапсырмаларды бергенді ұнатады. Сиқырлы әріптер өздерінің тапсырмаларын электрондық хабарлама арқылы жіберген болатын. Барлық тапсырманы дұрыс орындасақ сыйлық беретіндерін айтты.

- Ендеше біз «Сиқырлы әріптердің» тапсырмаларын орындап, өзіміздің білімді екенімізді көрсетейік!

«А» елінің тапсырмасы: Артикуляциялық жаттығу.

-Менің қолымда артикуляциялық жаттығулары бар кубик бар. Мен кубикті ортаға лақтырамын, қай жаттығу түссе сол қимылды орындауымыз керек.

«Тісімізді тазалайық»:

Ауызды кішкене ашып, жымиып тістерді көрсету керек. Тілдің ұшын оңға, солға жылжытып тістерді тазалаймыз.

«Күрекше»

Жалпақ тілді сыртқа шығарып ұстап тұрады.

Бір уақытта жел тұрып .

Тіл үстіне үрлеу.

Тіл тоңып үйге кіріп, тосап жеді.

«Тәтті тосап»

жалпақ тілмен жоғары ерінді жалап, ауыз қуысына кіргізу.

« Кесе»

ауызды ашып, тілді жалпақ қылып, тіл бүйірлерін көтереміз, тіл кесе тәріздес болады. Тіл ұшы тістерге тимеуі керек.

«Т» елінің тапсырмасы:

Сұрақтар:

Сауат ашу оқу қызметінде біз нені үйренеміз?

Әріп дегеніміз не?

Дыбыстар нешеге бөлінеді?

Дыбыстар екіге бөлінеді.

Қандай болып бөлінеді?

Дауысты дыбыстар қалай айтылады?

Ал дауыссыз дыбыстар қалай жасалады?

Дауысты дыбыс қандай түспен белгіленеді?

Дауыссыз дыбыс қандай түспен белгіленеді?

9. Дыбысты біз не істейміз?

Сөздер неден құралады?

«П» елінің тапсырмасы: «Құмға «П» әріпін баспа және жазба түрінде жазу»

Балалар жарық жанып тұрған құмдарға алдымен «П» әріпін баспа түрінде жазады, сосын жазбаша түрде жазып көрсетеді.

«Н» елінің тапсырмасы: «Буындарды оқимыз»

На, Ан, Ана, Нан, Анар, Пана.

**Сергіту сәті:**

*Біз балдырған баламыз,*
*Құстай қанат қағамыз.*
*Дүниені аралап,*
*Оқу білім аламыз.*
*Көзді салып қараңыз,*
*Былай қанат қағамыз*

«Ғ» елінің тапсырмасы: Жаңылтпаш:

*Ағабай ағасың,*
*Ағатай ағасың!*
*Аға деп бағалар,*
*Ағаның бағасын.*

(Хормен. топтап айтып үйретіледі.)

«Р» елінің тапсырмасы: «Кассамен атауын жазып, дыбыстық талдау жаса» дидактикалық ойын

А-РА, А-НАР, АР-ПА, ТАУ

«Л» елінің тапсырмасы: «Қандай әріптен басталады?» дидактикалық ойын

Балаларға алдына дөңгелек пішінде суреттер беріледі. Балалар суретке с»йкес әріпті қыстырады.

«У» елі:

-Балалар, бұл елде тапсырма жоқ екен, ол сендердің тапсырмаларды дұрыс орындағандарына риза болып, өз сыйлығын беріп жіберіпті.

**Рефлексиялық-түзетушілік:**

-Бүгін қандай елдің тапсырмасын орындадық?

-Саяхатта қандай тапсырмалар орындадық?

-Бүгін қандай дыбыстарды қайталадық?

# «Бәрі де татулықтан басталады»

Жанабаева Құралай, №61 «Сұлтан» бөбекжайының тәрбиешісі
Ақтау қаласы



**Мақсаты:** отбасы, сүйіспеншілік, татулық ұғымдары туралы түсініктерін кеңейту.

**Қолданылатын көрнекіліктер:** дәптер, ойынға қажетті құралдар, үнтаспа.

**Ұйымдастырушылық-іздену-шілік :**

Амансыңдар ма, балалар! Сендермен кездескеніме қуаныштымын.

Енді барлығымыз М.Мақатаевтың мына өлеңін бірге айтайық.

(Балалар шеңбер құрып тұрады)

*Анам маған – үлкенді сыйла деген,*
*Сол сөз маған ізгілік құйған ерен.*
*Үлкендерден ауысқан кішілікті .*
*Үлкендердің өзіне сыйға берем.*

**Әңгімелесу**

Тәрбиеші балаларға Н. Қадыровтың «Мейірім» әңгімесін оқып береді.

Сұрақ-жауап арқылы балалардан әңгімені сұрау.

**Дәйексөз**

Ата-анаң саған туғаныңнан бастап, азамат болғанша қамқор болады. Сен де оларды сыйлауға, құрметтеуге үйренуің керек. **Халықта:** *«Ата-анаңа құрметтеп қара, әдеппен сөйле»* деген нақыл сөзді бүгінгі сабақтың дәйексөзі ретінде түсіндіреді.

**Сергіту сәті:**

*Атамның алып күрегін,*
*Ауланың қарын күредім.*
*Әжеме мен құдықтан,*
*Су әкеліп беремін.*
*Еденді де жуамын*
*Шаң – тозаңды қуамын.*

**Ойын «Ғажайып сандық»**

Әдемі сандықшада отбасының суреттері салынған. Балалар көзін жұмып, сандықшаның ішінен бір суретті алып, суреттегі бейнеге өз құрметін, сыйластығын қалай білдіретінін айтады

Тәрбиешінің сұрақтары:

- Сен әжеңді қалай сыйлайсың?
- Сен атаңа қандай құрмет көрсетесің?
- Қарындасыңмен татусың ба?
- Ініңмен қандай ойындар ойнайсың?

Ойын осылай жалғаса береді.

**Тыныштық сәті**

Тәрбиеші балаларға тыныштық сәтіндегі қимылдарды жасауды ұсынады.

Балалар, денелерін түзу ұстап, бастарын жоғары көтеріп, ыңғайланып отырады. Тыныс алу жаттығуларын жасайды.

Біз бүгін отбасында туыстардың, жақын адамдардың бірін-бірі жақсы көретіні, сыйласып тату болатыны, қамқор болатыны туралы білдік. Отбасы мүшелері бір – біріне түсіністікпен, сүйіспеншілікпен қараса, барлығы бақытты болып, отбасында татулық орнайды .

Балалар шеңберге жиналып, тәрбиешімен бірге төмендегі өлең жолдарын қайталайды

*Әкем, шешем және мен*
*Тату- тәтті тұрамыз.*
*Сыйластықпен, махаббатпен,*
*Бір-бірімізді қолдаймыз!*

# «Кемпірқосақ жолдарында»

Жұлдызбаева Асем, №61 «Сұлтан» бөбекжайының тәрбиешісі
Ақтау қаласы



**Мақсаты:** Балаларға күз мезгілінде өтілген оқу іс-әрекеттеріне байланысты тапсырмаларды бере отырып, білімі-білік дағдыларын сараптау. Дидактикалық, логикалық ойындар арқылы есте сақтау қабілеттерін дамытуды жалғастыру. Ұқыптылыққа, өз ойын еркін жеткізе білуге тәрбиелеу.

**Көрнекілігі:** суретші, жеті түрлі-түсті хатқалта, сандар, интерактивті тақта, слайд.

**Әдіс - тәсілдер:** Жұмбақ шешу, түсіндіру, сұрақ-жауап, ойын.

**Сөздік жұмыс:** хатқалта.

**Шаттық шеңбер:**

*Бақшамызға барамыз,*
*Досымызды табамыз.*
*Сәлеметпе, міне мен,*
*Доспын енді сенімен.*

**Тәрбиеші:** Балалар, бүгінгі оқу іс-әрекетіміздің тақырыбы «Кемпірқосақ жолдарында».

**Тосын сәт:** суретші келеді (қолында бояулар мен қылқалам).

-Сәлеметсіңдер ме, балалар!

-Мені таныдыңдар ма? Мен кіммін?

-Дұрыс айтасыңдар! Мен сендерге әдемі сурет салып алып келдім. Міне қараңдар! (интерактивті тақтада кемпірқосақтың суреті шығады)

-Бұл не?

-Балалар, сендер кемпірқосақ жолдарына көтергілерің келеді ме? Бұл жай сурет емес, кемпірқосақ жолдарында көптеген тапсырмалармен ойындар кездеседі. Кемпірқосақ сөніп қалады.

**Суретші:** Ой, не болды? Менің суретім қайда? Енді қалай кемпірқосақ жолдарына өтеміз? Мен бұл суретті қайта

сала алмаймын. Себебі, кемпірқосақтың түстерінің ретін білмеймін.

**Тәрбиеші:** Біз балалармен бірге сізге кемпірқосақтың ретін есіңе түсіруге көмектесеміз.

**Суретші:** Жарайды.

**Тәрбиеші:** Көмектесеміз бе?

Сол кезде суретші қалтасынан (сөмкесінен) жеті түрлі-түсті хатқалта алып шығады да тәрбиешіге береді.

-Балалар, бұл кемпірқосақты өз қалпына келтіру үшін мына тапсырмаларды орындау қажет. Тапсырмаларды дұрыс орындап маған көмектесіңдерші.

**Сөздік жұмыс:** хатқалта сөзінің мағынасы конверт.

**Тәрбиеші:** Балалар, кемпірқосақ неше түстен тұрады? Сол түстерді атап беріңдерші!

-Қай түстен бастаймыз?

**1-тапсырма:** (қызыл хатқалта):

**Жұмбақ**

*Бұлттар төніп, жерге төгіліп,*
*Дымқыл тұман басады.*
*Шөп сарғайып, өңі тайып,*
*Дала нұры қашады.*
*Ойнай алмай,*
*Денең мұздап тоңады.* (Күз )

Балалар, кім айтады қазір жылдың қай мезгілі?

-Ал, күздің қай айы?

-Күз ерекшеліктерін атап беріңдерші?!

-Жарайсыңдар!

-Кемпірқосақтың қызыл түсті жолы жанады.

**2-тапсырма:** (қызғылт сары хатқалта):

Пішіндерді құрастыр

- Жарайсыңдар!

Кемпірқосақтың қызғылсары түсті жолы жанады.

**3-тапсырма:** (сары хатқалта):

-1-5 дейін тура және кері санау көрші сандарды табу. Сандарды ретімен қойып шығу.

-2,3,4,5, сандарының көршісін табуды айтады. Қалған балалардан тәрбиеші тура және кері санауды ұсынады.

-Керемет!

Кемпірқосақтың көк түсті жолы жанады.

**4-тапсырма:** (жасыл хатқалта):

**Сергіту**

*Бойды сергек тік ұста*
*Емін еркін тыныста*
*Оң қолыңды соз алға, қол ұшына қара да*
*Үш бұрыш сыз ауада*
*Сол қол босқа тұрмасын*
*Шеңбер сызып тынбасын*

Кемпірқосақтың жасыл түсті жолы жанады.

**5-тапсырма:** (көгілдір хатқалта):

Өткен дыбыстарды ата және жаз

-Керемет!

-Кемпірқосақтың көгілдір түсті жолы жанады.

**6-тапсырма:** (көк хатқалта):

**Шығармашылық жұмыс:**

**Тасқа сурет салу**

-Кемпірқосақтың көк түсті жолы жанады.

**7-тапсырма:** (сиякөк хатқалта):

-Балалар, сендер үй жануарлары мен дала жануарларын білесіңдер ме?

-Олардың төлдерін атап беріңдерші!

-«Барлығын бір сөзбен ата» ойын

-Тамаша!

Кемпірқосақтың сиякөк түсті жолы жанады.

Суретші балаларға алғысын айтады. Сыйлығын беріп қоштасады.

**Қорытынды:** Берілген тапсырмаларды орындайды.

-Ойын шарттарын ұғынып, түсінеді.

-Жыл бойы алған білімдерін көрсете алады.

-Балалар, сендерге көп рахмет, бүгінгі сабағымыз аяқталды барлығында өте жақсы қатыстыңдар.

# «Бауырсақ» ертегісі

Зейнуллаева Гаухар, №61 «Сұлтан» бөбекжайының тәрбиешісі
Ақтау қаласы



**Мақсаты:** Балаларды көркем шығарма желісімен таныстыру. Оқиға желісі бойынша әртүрлі саладағы қызықты тапсырмалар орындату. Балалардың тапсырмаларға деген қызығушылықтарын ояту.

**Сабақтың әдіс-тәсілдері:** Түсіндіру, көрсету, ойындар, ертегі байланыстыру, жұмбақ, сұрақ-жауап, мадақтау.

**Сабақтың көрнекілігі:** интерактивті белсенді тақта, суреттер, кейіпкер, үлестірмелі құралдар.

**Оқу қызметінің барысы:**

**І.Ұйымдастыру кезеңі.**

**Шаттық шеңбері:**

Балалар орнымыздан тұрып үлкен шеңбер жасап, бір-бірімізге қуаныш сыйлайықшы.

*Қуанамын, күлемін,*
*Жылы менің жүрегім.*
*Достарыма үнемі,*
*Риза болып жүремін.*

Сәлеметсіздер ме!

-Ал ендеше орындарымызға жайғасып отырайық.

**Негізгі бөлім.**

-Балалар бізге қонақ келе жатырған сияқты, бұл ненің дауысы?

Әуенмен ішке бауырсақ келеді.

**Бауырсақ:** Сәлеметсіздер ме балалар?

**Балалар:** Сәлеметсіз бе.

**Тәрбиеші:** Сәлеметсіз бе бауырсақ сіз мұнда қайдан жүрсіз?

**Бауырсақ:** Балалар мен Бауырсақпын. Мен ата мен әжемнен адасып қалдым. Енді үйге қайтар жолды таппай жүрмін. Жолда қоян, қасқыр, аю, түлкіні көрдім. Олар менің үйге баратын жолымды біледі екен. Бірақ олардың маған тапсырмалар бар екен. Егер мен тапсырмаларын

орындасам маған жолды көрсетеді. Балалар сендер маған тапсырмаларды орындауға көмектесесіңдер ме?

**Тәрбиеші:** Балалар бауырсаққа көмектесеміз бе?

**Балалар:** Ия көмектесеміз.

**Тәрбиеші:** Бауырсақ біздің балаларымыз саған көмектеседі. Қоян саған қандай тапсырма берді.

**1-тапсырма:** «Қоянды пішініне сай сәбізбен тамақтандыр»

**Бауырсақ:** Қоян немен қоректенетін еді?

**Балалар:** Сәбіз

**Бауырсақ:** Балалар қоянды өзінің пішініне сәйкес сәбізбен қоректендірейік.

**Тәрбиеші:** Жарайсыңдар, балалар сендер бауырсаққа көмектесіп қоянның тапсырмасын орындадыңдар.

**Бауырсақ:** Қоянның тапсырмасын орындадық. Әлі менде қасқырдың тапсырмасы бар. Қасқырдың тапсырмасы өте қиын сендер оны орындай аласыңдар ма?

**Балалар:** ия

**2-тапсырма: «Түтікшеден жіпті өткізу»**

**Шарты:** Түтікшенің бір шетінен жіпті салып екінші шетінен жіпті шығарып алуымыз керек.

Жарайсыңдар, балалар сендер жіпті дұрыс өткіздіңдер.

**Бауырсақ:** Қыс бойы інінде ұйықтап жатқан аю ұйқысынан тұрып маған сергіту жаттығуын жасап үйретіңдер деп тапсырма берді.

**Сергіту сәті:** Аю – аю тұршы. (видеоролик)

Жарайсыңдар, балалар сендер аюға сергіту жаттығуын жасап үйреттіңдер.

**Бауырсақ:** Балалар сендерге көп рахмет. Енді менде түлкінің тапсырмасы қалды. Соны орындасақ мен атаммен әжеме барамын.

**3-тапсырма: Губка арқылы сурет салу.**

**Шарты**: Ағашқа гүлдерін губка арқылы саламыз.

Жарайсыңдар, балалар сендердің суреттерің өте әдемі шықты.

**Бауырсақ:** Балалар сендерге көп-көп рахмет менімен бірге болып,тапсырмаларды орындауға көмектестіңдер. Мен енді атаммен әжеме қайтайын.

**Тәрбиеші:** Бауырсақ енді атамен әжеге ескертпей үйден шығып кетпе. Ойнап жүріп адасып кетуің мүмкін. Жақсы бауырсақ сау бол.

**Бауырсақ:** Сау болыңыздар.

**Қорытынды.**

**Тәрбиеші:** Балалар бауырсақтың алдынан қандай жануарлар шықты?

**Балалар:** Қоян, қасқыр, аю,түлкі.

**Тәрбиеші:** Балалар үйден жалғыз шығып кетуге бола ма?

**Балалар:** Жоқ, болмайды

**Тәрбиеші:** Жарайсыңдар балалар сендер өте ақылды екенсіңдер. Бүгін бауырсаққа көмектесіп көптеген тапсырмалар орындағандарың үшін мен сендерге смайликтер беремін.

# «Асықты қайдан алады»

Коптлеуова Рухия, №61 «Сұлтан» бөбекжайының тәрбиешісі
Ақтау қаласы



**Мақсаты:** Балаларға ұлтымыздың негізсіз ұмытылып бара жатқан асық туралы ұғымын жаңғырту. Асық туралы және оның қайдан алатынын түсіндіру. Төрт түлік малмен және оның төлдерімен таныстыру, тапсырмалар орындау.

**«Шаттық шеңбері»**

*Сәлем саған көк Аспан,*
*Сәлем саған Алтын Күн.*
*Сәлем саған Жер ана*
*Сәлем менің достарым.*

-Балалар қазір жылдың қай мезгілі?

-Қазір жылдың күз мезгілі.

-Күз мезгілінде неше ай бар?

-Күз мезгілінде үш ай бар. Қыркүйек, қазан, қараша.

-Күз мезгілінде ауа-райы қандай болады?

-Күз мезгілінде күн салқын болады, жаңбыр жауады, адамдар жылы киінеді

-Дұрыс айтасыңдар.

Күз мезгілі туралы тақпақтар айту.

-Балалар бүгінгі ұйымдастырылған іс-әрекетіміз қызықты болмақ. Алдымен бізге келген қонақтармен амандасып алайық. Балалар мен жаңа балабақшаға келе жатып жолдан асық тауып алдым. Сендер асықтың қайдан алатынын білесіңдерме ?

-Жоқ білмейміз.

-Ендеше қазір біз ауылға саяхатқа барып келеміз. Ауылдан атадан барып сұрап қайтайық.

Қане балалар автобусқа мініп ауылға барайық. Міне балалар біз ауылғада келдік.

-Сәлеметсіз бе ата.

-Сәлеметсіңдерме балақайлар, сендер мұнда не істеп жүрсіңдер.

-Ата біз сізге келген едік. Мен балабақшаға келе жатып, асық тауып алдым. Ал балалар сол асықты қайдан алынатынын білгісі келеді.

-Жарайсыңдар балалар алдымен мен сендерге сұрақ қоямын сендер соған жауап беріңдер. Балалар төрт түлік малға қандай жануарлар жатады.

-Түйе, сиыр, жылқы, қой.

-Дұрыс айтасыңдар, енді осы жануарлардың төлдерін білесіңдер ме?

-Ия түйе-бота, сиыр-бұзау, жылқы-құлын, қой-қозы.

-Дұрыс айтасыңдар балалар, төрт түлік малдан біздер ет, сүт, жүн аламыз. Етін жейміз, сүтінен шұбат, қымыз, айран, құрт жасаймыз, жүнінен жіп жасап одан кеудеше , шұлық тоқимыз.

-Ал балалар асық –қазақтың ықылымынан келе жатқан ұлттық спорттық ойындарының бір түрі.Асық-төрт түлік малдың ішінде қой-ешкінің тілерсегінде, асықты жілік басында орналасатын шымыр сүйек. Қазақта асық қасиетті саналады. Есі кірген қазақ балаларынында ойнайтыны да

осы – асық ойыны. Асықты үлкендерде балалармен қызығып ойнаған. Асықты қайдан алатынын енді түсіндіңдерме?

-Ия ата асықты енді қайдан алатынын түсіндік

-Ендеше мен сендерге тапсырма мен ойнауға бір қоржын асық берейін сендер оны балабақшаға барғанда тапсырманы орындап асықпен ойнайсыңдар.

-Жарайды ата. Ал балалар енді біз балабақшаға қайтуымыз керек. Сау болыңыз ата.

Балабақшаға келеді.

-Ал балалар орнымызға отырып атаның берген тапсырмасын орындайық.

**1-тапсырма:** Төрт түлік малдың төлдерін тап

Ендеше алдымыздағы суретке қарап төлдерін табамыз.

**2-тапсырма:** Біз осы төрт түлік малдан не аламыз ет, сүт және де балалар біз осы малдардан асық аламыз. Ендеше балалар асықтардан алдымыздағы тақтайшаның үстіне пішіндер жасаймыз. Үшбұрыш, төртбұрыш , шеңбер жасаймыз

**Сергіту сәті.** Асық әнімен сергіту сәті.

**3-тапсырма:** Ал енді балалар біз жаңа осы жануарлардан сүт алып одан шұбат, қымыз құрт жасаймыз. Алдымыздағы ермексаздан есіп құрт жасаймыз. Құрттың көптеген түрлері болады. Қыспа құрт ,домалақ құрт, сықпа құрт.

**4-тапсырма:** Енді балалар қошақанды киіндір

Балалар қошақанның үстіне киімін кигізу үшін үстіне жыртылған қағазды жабыстырамыз.

Балалар жасайды.

**Қорытынды:**

-Ал балалар біз бүгін қайда бардық?

-Ауылға атаға бардық.

-Ата бізге не туралы айтты?

-Асықты қайдан алатынымыз туралы айтты.

-Атаның тапсырмалары қандай болды?

-«Төлдерін тап», «Асықтардан пішіндер құрастыру», «Құрт жасау», «Қошақанды киіндіру».

Балалаларды мадақтау.

# «Көңілді математика әлемі»

**Мұғазенова Айдана,** №61 «Сұлтан» бөбекжайының тәрбиешісі
Ақтау қаласы



**Мақсаты:** Балалардың математикалық білім қабілеттерін тексеру; Алған білімдерін пысықтау. Балалардың ой-өрісін дамыту; Ойын арқылы ойлау қабілеттерін арттыру. Оқуға қызығушылығын арттыру, оқушылардың оз ойын еркін айта білуге қалыптастыру, ауызбіршілікке, ұйымшылдыққа тәрбиелеу.

**Жылулық шеңбері:**

*Дөңгеленіп тұрайық*
*Достық үйді құрайық*
*Математикамен дос болып*
*Біз көңілді болайық*

Балалар шаттық шеңберіне тұрады

**Ұйымдастыру іс - әрекеті**

Балалар мен сіздерге карточка дайындап келдім сол карточкада сендерге 4 түрлі тапсырма берілген, орнымызға отырып осы тапсырмаларды орындаймыз.

**1-тапсырма:** «Кеңістікті бағдарлау» деп аталады

Бұл тапсырмада балалар алдымызда тұрған геометриялық пішіндер арқылы үйшіктің төбесін, қабырғасын, есігін терезесін жапсырамыз.

**2-тапсырма:** Дидактикалық ойын сандарды тура және кері санап, көршісін табу

Балалар сіздерге сандар таратамын ортаға шығып берілген сан бойынша тура және кері қатарға тұрамыз. Ал енді балалар көршісін табамыз.

2-тапсырма бойынша балалар тура 0 ден 5-ке дейін, содан кейін 5 тен 0 ге дейін қатарға тұрады ортаға бір бала шығып санайды.

**Сергіту сәті:** *Сағаттың тіліндей*
*Иіліп оңға бір,*
*Сағаттың тіліндей*
*Иіліп солға бір,*
*Оң аяқ, сол аяқ*
*Жаттығу оңай-ақ.*

**3- тапсырма:**

Балалар мен сендерге жұмбақ жапсырамын сол жұмбақтың жауабын шешеміз

*Сырты қатты*
*Іші тәтті.* (Қарбыз)

Ендеше мен сіздерге қарбыздар таратамын, сол қарбыздардың ішінде жазылған сандар бойынша ермексаздың көмегімен дәндерін орнатамыз.

**Ойын:** Балалар алдарыңыздағы интеллектум ойыны бұл не? деп аталады. Бұл ойын жылдамдықты талап етеді, және балалардың жетістікке жетіудің маңыздылығын үйретеді. Әр топтан 4 баладан шығып жасырынған суреттерді айнаға қарап табу. Тапқан бала сол карточканы өзіне алады.

**4-тапсырма:** Балапандарды қоректендір деп аталады.

Алдарымызда тұрған балапандарды сандарына қарап қоректендіреміз 5 саны тұрса 5 дән салуымыз керек қыстырғыштың көмегімен. Балалар берілген тапсырмаларды орындайды. Геометриялық пішіндердің көмегімен үйді құрастырады.

Балалар тапсырманы орындайды

**Рефлексивті - түзетуші**

Балалар бүгін біз қандай тапсырмалар орындадық?

Нелермен таныстық оқу қызметі ұнады ма?

Балалардың жауаптары. Ия

Балаларды мадақтау.

# «Күзгі баққа саяхат»

**Олжабай Гүлнұр, №61 «Сұлтан» бөбекжайының тәрбиешісі**
Ақтау қаласы



**Білім беру дағдалары:** Бес дағды бойынша

**Ұйымдастырылған оқу-іс әрекетінің түрі:** «Математика негіздері», «Қоршаған ортамен танысу» «Сөйлеуді дамыту», «Көркем әдебиет» «Сурет салу»

**Мақсаты:** балаларға жылдың күз мезгілі туралы түсінік беру. Үлкен кіші, аз көп ұғымдарымен таныстыру. Түстерді ажырата білуге үйрету. Күздің ерекшеліктерімен таныстыру, ұсақ қол маторикаларын дамыту,шығармашылық қабілеттерін дамыту, күз әсемдігін бейнелету.

**Әдіс-тәсілдері:** Түсіндіру, бақылау, көрсету, сұрақ-жауап.

**Көрнекіліктер:** Жапырақтар, массажный дорожка, себет, ағаштың дінінің суреті слайд, Күз ханшайымы. Аудио жазба

**Оқу қызметінің барысы:**

**Ұйымдастыру кезеңі.**

**Шаттық шеңбері:**

*Шеңбер болып тұрайық*
*Алақанды ашайық*
*Күннің нұрын алайық*
*Бір сергіп алайық.*

Сәлеметсіздер ме!

**Тәрбиеші:** Балалар қазір жылдың қай мезгілі?

**Балалар:** Қазір жылдың күз мезгілі.

**Тәрбиеші:** Күз мезгілінде ауа-райы қандай болады?

**Балалар:** Салқын, жел, жаңбыр болады.

**Тәрбиеші:** Күз мезгілінде неше ай бар?

**Балалар:** Күз мезгілінде үш ай бар.

**Тәрбиеші:** Қандай айлар бар? Кім айтып береді?

**Балалар:** Қыркүйек, қазан, қараша.

**Тәрбиеші:** Дұрыс айтасыңдар балалар, жарайсыңдар.

**Тәрбиеші:** Балалар сендер менімен күзгі баққа барғылары келе ме?

**Балалар:** Ия

**Тәрбиеші:** Ендеше баққа баратын жолды картадан қарап көрейік.

**Негізгі бөлім.**

**1-тапсырма:**

Аудио жазба (Мен картамын, мен картамын. Слайд)

**Тәрбиеші:** Балалар қарандаршы қатты жел болып, баққа баратын жолды жапырақтар жауып тастапты. Баққа бару үшін жолды жапырақтардан тазалаймыз ба?

**Балалар:** Ия

**Тәрбиеші:** Ендеше бәріміз баққа баратын жолды жапырақтардан тазалап шығайық. Медина айта қойшы сенің қолыңдағы жапырақтың көлемі қандай? Ал Айнара сенің жапырағыңның көлемі қандай? Әбубәкір сенің жапырағыңның түсі қандай?

Ерасыл сенің жапырағыңнын түсі ше?

Жарайсыңдар балалар сендер баққа баратын жолды жапырақтардан тазалап шықтыңдар. Енді осы жолдың үстімен жүріп баққа барайық.

**Күз ханшайымы:** Сәлеметсіздер ме балалар. Балалар сенде мұнда не істеп жүрсіңдер.

**Тәрбиеші:** Сәлеметсіз бе Күз ханшайымы. Біз мұнда күзгі бақтың әсемдігін көруге келдік.

**Күз ханшайымы:** Жоқ бұл жер ешқандайда әдемі емес.

**Тәрбиеші:** Жоқ Күз ханшайым сіз олай демеңіз. Біз сізге күздің қайдай әдемі екендігін көрсетіп, айтып беретін боламыз:

Солай ма балалар?

**Балалар:** Ия

**Күз ханшайымы:** Ендеше сендер мына орындықтарға қолдарыңдағы жапырақтың түстері бойынша үш қатарға бөлініп отырыңдар.

**Тәрбиеші:** Ендеше балалар орындықтарға отырайық. Балалар қарандаршы менің қолымда үлкен және кіші себет бар, сендер қолдарыңдағы үлкен жапырақты үлкен себетке, кіші жапырақты кіші себетке сала қойыңдар.

**Тәрбиеші:** балалар қарандаршы қайсы жапырақтар көп қайсы жапырақтар аз екен?

**Балалар:** Үлкен жапырыақ көп, кішкентай жапырақтар аз.

**Тәрбиеші:** Жарайсыңдар балалар дұрыс жауап бердіңдер.

**2-тапсырма:**

**Тәрбиеші:** Балалар біз күз ханшайымына күздің әдемі екендігін көрсетіп күзгі ағаштың суретін салып берейік.

**Сурет салу:**

Балалар алдымыздағы ағаштың діні салынған қағазды жақындатып алайық, қолымызға құлақ тазалағышты алып сары бояуға салып жапырақтардың суретін салып ағашты толықтырып салайық.

**Күз ханшайымы:** Қандай әдемі суреттер, рахмет сендерге балалар күзгі ағаштарды әдемі етіп салып бергендеріне

**Сергіту сәті:**

Жел гуілдеп гу гу гу
(Қолдарын жоғары көтеріп қозғалтады)
Кенет жаңбыр жауа бастады
(Саусақтарымен столды тарсылдатады)
Жаңбыр қатты жауа бастады
(Аяқтарымен жерді тарсылдатады)

**3-тапсырма:** Күз ханшайымы сен ешқашан мұңайма біздің балаларымыз күз туралы тақпақтар айтып сізді қуанқылары келеді.

**Еркеназ:** *Сап-сары маңай*
*Сарғайды тоғай*
*Соңғы әнін айтып*
*Құстар кетті қайтып.*

**Диас:** *Келді міне күз*
*Айнала сары түс*
*Керемет, тамаша*
*Қандай әсем күз*

**Күз ханшайымы:** Ой рахмет сендерге балалар сендер мені өте қатты қуаттыңдар. Енді сендер де менің сыйлығымды қабыл алыңдар. Балалар мен бақты аралап ағаштарға су құюым қажет. Сендер осылай маған саяхаттап келіп тұрыңдар. Сау болыңыздар.

**Қорытынды**

**Тәрбиеші:** жарайсыңдар балалар сендер бүгін өте жақсы іс жасадыңдар. Күз ханшайына күздің әдемілігін көрсетіп айтып бердіңдер.

**Тәрбиеші:** Балалар күзде не піседі.

**Балалар:** Жеміс-жидектер піседі.

**Тәрбиеші:** Балалар сендерге бүгінгі оқу кешені ұнаған болса, жасыл алманы жоғары көтеріңдер. Егер ұнамаған бълса қызым алманы жоғары көтеріңдер.

**Балалар:** Сау болыныздар!

**Тәрбиеші:** осымен №1 балапан тобының «Күзгі баққа саяхат» атты ашық оқу кешені аяқталды.

# «Сиқырлы пішіндер»

Оңайшаева Гулдана, №61 «Сұлтан» бөбекжайының тәрбиешісі
Ақтау қаласы



**Мақсаты**: балардың үш айлық білімдерін қорытындылау. Математикалық мазмұндағы В.Васкобовичтің дамытушы ойындар арқылы білімдерін тексеру.

**Білімділік:** балалардың сан және санау, геометриялық пішіндер, есептер шығару, салыстыру, логикалық жұмбақтар шешу бойынша үш ай бойына өткен білімдерін бекіту.

**Дамытушылық:** балалардың шығармашылық, логикалық ойлау қабілетерін, қиялын, ұшқырлығын дамыту.

**Тәрбиелік:** байқампаздыққа, жылдамдыққа, өзін-өзі көрсете білуге тәрбиелеу.

**Әдіс-тәсілдер:** ДСТ, сұрақ-жауап, әңгімелеу, есептеу, ойын,

**Сөздік жұмыс:** хатқалта сөзінің мағынасы – конверт.

**Алдын ала атқарған жұмыс:** сандарды, пішіндерді қайталау, пішіндер, сандар, қобдиша

**Ұйымдастыру кезеңі**: Балалар, қарандаршы, «Күншуақ» тобының балалары сондай ақылды, тәртіпті, ойшыл дегенді естіп, бізге қаншама қонақтар келіп отыр. Біз үшін бұл өте маңызды күн.

- Ең алдымен бүгінгі күнді есімізде қалатындай бір естелік жасап көрейік. Дайынсыңдар ма?

**Шаттық шеңбері:**

Балалар, қандай ертегілер білесіңдер?

**Балалар:** «Маша мен аю», «Түлкі мен ешкі», «Қасқыр мен қоян» т.б. Олай болса, Маша мен аю ертегісінің қойылымынан үзінді тамашалаймыз!

Ерте, ерте, ертеде бір әсем сарайда Маша атты бір ерке қыз өмір сүріпті, оның әдемі сарайы болыпты. Сол сарайда жалғыз тұрыпты. Жалғыз тұрып іші пысқан Маша былай деп армандайды:

**Маша; Кәусар:** О, шіркін? Менің мынадай сарайымда көп достарым болса ғой! Мен олармен бірге есеп шығарып, ойнап көңіл көтерер едім.

**Осы кезде есік қағылады.**

**Аю:** (Қамбар қолында қобдишасы бар)

Кім бар мына әсем сарайда? Рұқсат болса кірейін.

**Маша:** *Мен Машамын. Сен кімсің?*

**Аю:** Мен Аюмын. Мен саған әдемі хобдиша ала келдім.

**Маша:** А солай ма, мен білмеппін. Үйге кіру үшін менің тапсырмамды орында.

**1-тапсырма:** Нешеге дейін санай аласың?

**Жауабы**:10

**Маша:** Санап берші маған?

**Жауабы:** Санап береді.

**Маша:** Жарайсың! Кіре ғой сарайға. (Маша қобдишаны ашып көріп) мұнда ойындарың көп екен?

**Аю:** жүр Маша бұл ойындарды «Күншуақ» тобының балалармен бірге ойнайық.

Маша мен аю балалармен амандасады. (қобдишаны тәрбиешіге береді)

**Тәрбиеші:** Міне, балалар бізге Маша мен Аю көптеген ойын тапсырмалар алып келіпті. Олай болса осы ойын тапсырмаларды бірге орындайық.

Осы тапсырмаларды орындасаңдар Аю мен Машамен дос боламыз.

**1- тапсырма:** ойын «Күз...»

Бір жылда неше жыл мезгілі бар?

Жауап: 4 « Қыс, көктем, жаз, күз»

Бір жылда неше ай бар?

Жауап: 12

Қазір жылдың қай мезгілі?

Жауап (Күз).

Қазір қандай ай?

**Жауап:** Қараша.

Күз мезгілінің ерекшеліктерін айтып беріңдерші?

Жаңбыр көп жауады, Жемістер мен көкеністер өседі.

Жапырақтар сарғайып түседі. Күн салқындай бастайды.

**Тәрбиеші:** Жарайсыңдар балалар.

Осы күз мезгіленде өсетін жемістерден тапсырма келіпті.

**2-тапсырма:** Сыңарын тауып құрастыр.

Күз мезгілінде өсетін жемістерді құрастырады:

Балалар құрастырып қандай жемістер екенін айтады.

**Тәрбиеші:** Жарайсыңдар балалар. Тапсырманы жақсы орындадық. Ендеше келесі тапсырманы қарайық

**3-тапсырма:** Дидактикалық ойын «пішіндерді атап түстерін тап және моншақтарын санау.

**Шарты:** А4 қағазға төрт пішінді салулы сол пішіндерге түстерін ажыратып,бес бестен моншақтарды жинау қажет. Балалар түстерін айтып оны санайды.

**Мадақтау.**

**4-тапсырма: «Сергіту сәті»**

«Аю » (музыка қосу калонкадан»

**Тәрбиеші:** Ал енді балалар келесі тапсырманы қараймыз.

**5-тапсырма:** Балалар күз мезгіліне арналған қандай тақпақтар білесіңдер? Балалар күз мезгіліне арналған тақпақтарын айтады:

**Медина:** *Сап сары маңай*
*Сап сары тоғай*
*Соңғы әнін айтып*
*Құс кетті қайтып*

**Дария:** *Алақай, Алақай*
*Шаттанды балақай*
*Күз түсті дің түсті*

**6-тапсырма:** «Логикалық жұмбақтар есептер» (күлгін)

*Кел балалар, ойнайық,*
*Ойнайық та ойлайық,*
*Қандай жұмбақ болса да*
*Шешпей оны қоймайық.*

1) *Көзге ілінбейді,*
*Жұтсаң білінбейді.* (Ауа)
2) *Қанаты жоқ, ұшады,*
*Аяғы жоқ, жетеді.*
*Аузы жоқ, ұлиды.* (Боран)
3) *Аяқсыз жетіп барады,*
*Қолсыз есік қағады.* (Жел)
4) *Таңмен көзін ашады,*
*Әлемге нұр шашады.* (Күн)

Жарайсыңдар балалар! Сендер бүкіл тапсырманы орындадыңдар енді сендер Аю мен машамен доссыңдар.

Осымен бүгінгі «Математикалық пішіндер» атты ұйымдасқан оқу қызметіміз аяқталды.

**Балалар:** *Қол ұстасып тұрайық*
*Шеңберді біз құрайық.*
*Көріскенше күн жақсы,*
*Сау саламат болайық!*

# «Көктем келді»

**Садыбекова Майра, №61 «Сұлтан» бөбекжайының бейнелеу өнері маманы**
Ақтау қаласы



**Мақсаты:** Көктем мезгілі туралы білімдерін кеңейту және қорыту.

**БМ:** көктем мезгіліндегі табиғаттағы өзгерістер туралы білімдерін кеңейту;

**ДМ:** сөздік қорын байыту; түстерді ажыратып, топтастыра білу қабілеттерін дамыту.

**ТМ:** Көктем мезгіліне деген сүйіспеншілік сезімдерін тәрбиелеу.

**Құралдар:** әйнек, гуаш,су құятын ыдыс, қылқалам,түтік, сүрткіш, түрлі-түсті қағаз, көк түсті қатты қағаз, желім, мақта, қайшы.

**Тәрбиешінің іс-әрекеті**

**Шаттық шеңбері:**

*Кел балалар күлейік,*
*Күлкіменен түлейік*
*Түрлі-түсті бояумен,*
*Әсемдеп біз жүрейік.*
*Бізге келген қонаққа,*
*Иіліп сәлем берейік*

-Сәлеметсіздер ме!
-Жарайсыңдар балалар!
Балалар тәрбиешінің артынан қайталап айтады.
-Сәлеметсіздер ме!

**Іздену- ұйымдастырушы**

Тәрбиеші балаларға доппен ойын ұсынады. Ойын шарты: тәрбиеші бір балаға доп лақтырады, допты ұстаған балаға сұрақ қояды, бала сол сұраққа жауап беру керек. Сұрақ-жауап:

- Қазір жылдың қай мезгілі?
- Қазір жылдың көктем мезгілі
- Көктем мезгілінде неше ай бар?
- Көктем мезгілде үш ай бар.
- Көктем айларын кім атап береді?
- Наурыз, сәуір, мамыр
- Балалар, сендер көктемгі табиғат ерекшеліктерінен нені байқадыңдар?
- Неліктен қар ериді?
- Көктемде ағаштарда не пайда болады?
- Бүршіктің түсі қандай? Ал ағаштың ше?
- Көктемде күн қысқа қарағанда жылуын шашып, жарқырай бастады. Қар еріп, су жерді суғарды.Ағаштар да бүршік аттып, жапырақтар өсе бастады. Жылы жақтан құстар ұшып келеді.

-Жарайсыңдар балалар!

Балалар тәрбиешіні мұқият тыңдайды

**Тәрбиеші:** Балалар бүгін біз бейнелеу өнері іс әрекетінде «көктем келді» тақырыбында сурет саламыз. Іс әрекетін бастар алдында тәрбиеші балаларға бір-бірлеп көк пен қызыл түсті қағазды таратып шығады. Сол арқылы балаларды екі топқа бөледі: қызыл және көк түске.

- Көк түсі түскен бала жапсырады, ал қызыл түс түскен бала сурет салады, – деп айтып түсіндіреді.
- Енді орнымызға жайғасайық.

**Балалар:** Алған түстеріне байланысты балалар топқа бөлінеді. Бос орындарға барып отырады. Тәрбиешіге назарларын аударып мұқият тыңдайды.

Тәрбиеші балаларға Қарлығаш құс конверт әкелгенін хабарлайды, онда шағын ертегі бар екенін айтып әңгімелейді.

-Мен сендерге ертегі оқып берейін. Ендеше, балалар тақтадағы слайдқа назар аударайық.

Аңдардың көктемді қалай сезінетіндігі туралы «Көктем сәні неде?» ертегісімен танысамыз:

Таң атты. Барлық жан – жануарлар ұйқыдан оянды. Қартайғандікі ме, аң патшасы Арыстан кешеуілдеп тұрды, керілді, созылды, айналаға көз салды. Дала жайнап тұр екен. Көңілі көтеріліп жанында тұрған жолбарысқа айтады:

«Барлық аңдар жиналсын» - дейді. Арыстан үйшігінің жанына аңдар топырлап толып кетті.

- Бәріңе бір сұрақ беремін, – дейді Арыстан жиналғандарға жағалай қарап алып.

– Көктем сәні неде? – деп сұрақ қояды.

- Шалқыған көңіл, – деді Аю
- Мөлдір су, – деді Қоян
- Салқын самал, – деді Бұғы
- Ашық аспан, – деді Түлкі
- Еңбек, – деді Піл
- Асқар тау – деді
- Күннің нұры, – деді
- Жасыл желек, – деді Ақбөкен
- Жылылық, – деді Арқар

- Күлкі, – деді Борсық

Аңдар айтып біттік дегендей іркіліп қалды. Арыстан оқты көзін бұлғынға қарады:

- Сен неге үндемейсің?

Бұлғын Арыстанның алдына келіп:

- Таксыр, мен айтатын ештеңе қалған жоқ. Меніңше, көктем сәні – осы айтылғандардың бәрі. Солардың бәрін қоссақ, көктемнің сәні шығады. Бұлғынның сөзіне бәрі қол соғып, риза болды. Аңдар көңілді тарады.

-Балалар сендерге ертегі ұнады ма? Ия

-Ендеше бүгінгі іс әрекетімізде қызыл түсті топ алдарында тұрған әйнекке гуаш бояуларымен көктем мезгіліне байланысты гүлдеп тұрған ағаштың суретін саламыз. Ал, көк түсті топ түрлі түсті қатты қағаз, ақ қағаз, желім және мақтамен көктем мезгілінде өсетін бәйшешек гүлін жапсырады

Жұмыс бастар алдында орнымыздан тұрып сергіп алайық.

**Сергіту сәті**

Балалар мұғалімді мұқият тыңдап, артынан қайталайды. Сергіту сәті біткеннен кейін орындарына отырады.

Тәрбиеші сурет салу жолын көрсетіп түсіндіреді. Жұмыс барысында қиналып отырған балаларға көмектесемін.

Екі топ жұмыстарына кіріседі.

**Рефлексивті коррекциялаушы**

Іс-әрекеті соңында тәрбиеші олардың жұмысын балалармен бірге талқылап, өз кеңесін береді. Сабақтың қорытындысы шығарылады. Балалар бір-бірінің суреттерін тамашалайды, сипаттайды.

**Күтілетін нәтиже:**

**Білуі керек:** Көктем мезгілі туралы білімдерін кеңейеді;

**Болуы керек:** сурет салудағы техникалық дағдыларды және икемділіктерді игереді;

Баланың қолынан келуі:өздерінің басқаларға деген дұрыс қарым-қатынасының қажеттілігін сезіне білуді меңгереді.

# «Кім күшті»

**Сапаргалиева Мейрамгуль,** №61 «Сұлтан» бөбекжайының тәрбиешісі
Ақтау қаласы



**Мақсаты:** Балаларға таныс ертегілерді еске түсіріп бекіту. Ертегілер арқылы балаларды байланыстырып сөйлеуге үйрету, кейіпкердің қарапайым әрекетін бағалауға, оларды әңгімелеуге, қойылған сұраққа толық сөйлемдермен жауап беруге баулу. Сандарды, есептерді, заттарды екі және төрт бөлікке бөлу. Үй жануарларына сүйіспеншілікпен қарауға үйрету. Ертегі кейіпкерлерінің мінез-құлқына дұрыс баға беруге, сөздік қорын дамыту, дауыс ырғағын келтіріп, мәнерлеп айтуға дағдыландыру.

**Ұйымдастырылған оқу-қызметінің әдіс-тәсілдері:** ертегіні сахналау, сұрақ-жауап, мақтау, мадақтау, түсіндіру, Мэма кесте, Монтессори элементін пайдалану.

**Көрнекіліктер:** Үлестірмелі материалдар, сабаққа байланысты суреттер, дидактикалық ойын

**Барысы:**

**Ұйымдастыру кезеңі**

**Тәрбиеші:** Балалар бүгін бізде ерекше күн, бізге көптеген қонақтар келіп отыр сендерді шаттық шеңберіне шақырып бір бірімізбен амандасуға шақырамын.

*Қайырлы таң қонақтар!*
*Қайырлы таң достарым*
*Шеңберге тұрайық,*
*Жылулық сыйлайық!*

**Жұмбақ**

*Су ағып сай саладан,*
*Тасып өзен толады.*
*Құстар келіп ән салып.*
*Айтыңдаршы балалар,*
*Бұл қай кезде болады?*

**Балалар:** Көктем мезгілінде болады.

**Тәрбиеші:** Балалар, көктемде қандай өзгерістер болады?

- Көктем мезгілінің айларын атаңдар?
- Көктемде не ояна бастайды?
- Көктемде бірінші гүлдейтін гүл?
- Құстардың тіршілігі қандай болады? т.б.сұрақтар қойып әңгімелеу.

**Балалар:**

- Күн жылынады
- Қар ериді .
- Құстар ұшып келеді.
- Ағаштар бүршік жарады.
- Жер көктейді.
- Мал өріске шығады .
- Адамдар жайлауға көшеді .
- Жайлауда мал бағады,ойын-сауық құрады,ойын ойнайды.

**Тәрбиеші:** Балалар, біздің топқа бір құс ұшып келген сияқты. Ол қандай құс?

**Балалар:** Қырғауыл

**Тәрбиеші:** Қырғауыл қай ертегіден келді?

**Балалар:** «Кім күшті» ертегісінен

**Тәрбиеші:** Қырғауыл, сен біздің балабақшамызға не үшін ұшып келдің?

**Қырғауыл:** Балалар, менің білгім келіп тұр. Дүниеде кім күшті екенін. Сендер маған көмектесесіңдер ме?

**Балалар:** Ия көмектесеміз.

**Тәрбиеші:** Ендеше балалар, біз қырғауылмен бірге саяхатқа шығайық.

**Тәрбиеші:** Балалар, ең бірінші біз қайда ұшып барамыз.

**Балалар:** Мұзға

**Тәрбиеші:** Балалар мұзға ұшып келіп қалдық енді мұзға сұрағымызды қояйық.

**Балалар:** Мұз, мұз сен неден күшті болдың?

**Мұз:** Мен сендердің сұрақтарыңа жауап беремін сен алдымен сендер менің сұрағыма жауап беріңдер.

**1-тапсырма:**

Дыбыстар нешеге бөлінеді?

Суретке қарап сөз жаз.

**Мұз:** Дұрыс балалар. Мен күшті болсам бауырымды жаңбырға тестірмес едім. Кім күшті екенін жаңбырдан сұраңдар.

**Тәрбиеші:** Балалар сонымен біз қайда барамыз?

**Балалар:** Жаңбырға.

**Тәрбиеші:** Қырғауыл, балалар, жолымызды жалғастырайық. Жаңбырға барайық.

**Тәрбиеші:** Біз саған келген себебіміз: сені мұз күшті деп айтты сол рас па?

**Жаңбыр:** Мен сендердің сұрақтарыңа жауап беремін ең алдымен сендер менің тапсырмамды орындаңдар.

**2-тапсырма:**

1- ден 10-ға дейін сандарды атаңдар.

Сандардың көршілерін табыңдар:

**Жаңбыр:** Жарайсыңдар балалар жауаптарың дұрыс екен. Мен күшті болсам жерге суымды жұтқызар ма едім: Келесі сөз жерде жерге барып сұраңдар

**Тәрбиеші:** Рахмет, саған жаңбыр сонымен балалар енді қырғауылды алып біз қайда барамыз?

**Балалар:** Жерге

**Тәрбиеші:** Саяхатымызды әрі қарай жалғастырайық

**Тәрбиеші:** Жер, жер бізді саған жаңбыр жіберді. Сен неден күштісің?

**Жер:** Сендердің сұрақтарыңа жауап беремін. Ең алдымен мына сұрақтарыма жауап беріңдер. Ең алдымен сендерге жұмбақ жасырамын, жауабын табыңдар.

**3-тапсырма:** Жұмбақ жауабын табыңдар:

Өзі қу, жүрген жері айғай мен шу

2. Түлкі қандай ертегіде кездеседі?

**Жер:** Өздерің тапқыр балалар екенсіңдер мен күшті болсам көп шөпке бауырымды жардырмас ем. Көк шөпке барып сұраңдар.

**Тәрбиеші:** Ендігі жолымызды қайда жалғастырамыз, балалар?

**Балалар:** Көк шөпке.

**Тәрбиеші:** Қырғауыл, балалармен жолымызды жалғастырайық.

**Тәрбиеші:** Шөп -шөп сен неден күшті болдың?

**Шөп:** Сендердің сұрақтарыңа жауап беремін. Ең алдымен менің ойынымды ойнаңдар.

**4-тапсырма:**

**Дамытушы ойын: "Бұл не?"**

**Ойын шарты:** Тәрбиеші балаларды топқа бөліп әр топқа айна береді, айнаның тұрағына жануарлар бейнеленген суретті қояды, балалар өзінің бөлігіндегі айнаға қарау арқылы қандай жануардың бейнеленгенін айтады. Жануардың атауын бірінші болып атаған ойыншы карточканы алады. Ойын соңында көп карточка жинаған бала жеңіске жетеді.

**Шөп:** Дұрыс балалар, бірақ та балалар мен күшті болсам көк тоқты мойнымнан жұлқымас еді. Көк тоқтыға барыңдар. Ол сендерге көмектеседі.

**Тәрбиеші:** Рахмет саған шөп, балалар сонымен біз қайда барамыз?

**Балалар:** Көк тоқтыға.

**Тәрбиеші:** Көк тоқты бізді саған көк шөп жіберді. Сен шөптен күштісің бе?

**Көк тоқты:** Менде сендерге тапсырма дайындап қойдым. Сол тапсырмамды орындасаңдар, мен сендерге жауабымды айтамын. Менің тапсырмам мынадай мен сендермен бойымды сергіп алғым келеді.

Бойымызды жазайық.

**5 -тапсырма:**

**Сергіту сәті:**

Көтеріліп шаңырақ (қолдарын жоғары көтереді)

Уықтары шаншылып (қолдарын жоғары көтереді)

Керегелер керіліп (алақандарын ашады)

Өрім дей болып өрілер (қолдарын белге қояды)

Бәріміз бірге жүрсек айналып, киіз үй болып көрінер.

**Көктоқты:** Рахмет сендерге балалар. Мен күшті болсам қасқырға құйрығымды жұлқытпас едім. Қасқырға барып сұраңдар.

**Тәрбиеші:** Сонымен балалар біз жолымызды әрі қарай жалғастырайық. Енді қайда барамыз балалар?

**Балалар**: Қасқырға

**Тәрбиеші:** Қасқыр, бізді саған көк тоқты жіберді. Сен неден күштісің?

**Қасқыр:** Балалар, мен сендерге тапсырма дайындап қойдым. Сол тапсырмамды ең алдымен орындаңдар, содан кейін мен сендерге көмектесемін.

**6-тапсырма: Шығармашылық жұмыс:**

1.Көбелектің бейнесін салу.

**Қасқыр:** Қандай тамаша! Бірақ балалар мен күшті болсам көк мылтыққа қонымды ойдырмас едім. Мылтыққа барып сұраңдар. Ол сендердің сұрақтарыңа жауап береді.

**Тәрбиеші:** Сонымен, Қырғауыл, балалар, жолымызды жалғастырайық. Мылтыққа барайық.

**Тәрбиеші:** Бізді саған қасқыр жіберді. Сен қасқырдан күштісің бе?

**Мылтық:** Мен де сендерге тапсырма дайындап қойдым, тапсырмамды орындасаңдар мен сендердің сұрақтарыңа жауап беремін.

**7-тапсырма:**

**Дидактикалық ойын: "Кімге қай зат тиесілі?"**

**Мылтық:** Жарайсыңдар балалар. Мен қасқырдан күшті болсам, қоңыр шолақ тышқанға білтемді қидырмас едім. Тышқанға барып сұраңдар.

**Тәрбиеші:** Балалар сонымен біз қайда барамыз?

**Балалар:** Тышқанға

**Тәрбиеші:** Тышқан, бізді саған мылтық жіберді. Сен мылтықтан күштісің бе?

**Тышқан:** Сендердің сұрақтарыңа жауап берейін. Ең алдымен менің тапсырмамды орындаңдар.

**8 - тапсырма:** Мына кесте бойынша ән айту.

**Тышқан:** Балалар сендерге рахмет. Балалар мен күшті болсам құмырсқаға ең салдырмас едім. Менен күшті құмырсқа. Құмырсқаға барыңдар.

**Тәрбиеші:** Сонымен балалар біз қайда барамыз?

**Балалар:** Құмырсқаға.

**Тәрбиеші:** Құмырсқа, құмырсқа біз саған келдік. Бізді саған тышқан жіберді. Сен неден күшті болдың?

**Құмырсқа:** Сендердің сұрақтарына мен жауап беремін. Ең алдымен маған мақал-мәтел айтып беріңдер.

**Құмырсқа:** Рахмет сендерге балалар. Біздің Отанымыз биіктен көрінсің. Отанымыз тыныш, аман болсың. Мен сияқты еңбеккор, ақылды балалар болыңдар.Еңбек етім ерінбей сондықтан күштімін балалар.

**Тәрбиеші:** Сонымен балалар ең күшті кім екен?

**Балалар:** Құмырсқа.

**Қорытынды:** Сұрақ-жауап арқылы қорыту: бүгін не туралы әңгімелестік? Бір-бірімізге не істеу керекпіз? Белсенді қатысқан балаларды мадақтап, бағалау.

*Біз ақылды баламыз,*
*Орнымыздан тұрамыз.*
*Қол ұстасып бәріміз,*
*Сау болыңыз айтамыз.*

# «Қуыршақ Әйгерімнің бөлмесі»

Темірбаева Актүйме, №61 «Сұлтан» бөбекжайының тәрбиешісі
Актау қаласы



**Білім беру саласы:** Коммуникация.

**Бөлімі:** Сөйлеуді дамыту

**Мақсаты:** жаңа сөздерді қатыстырып, сұрақ-жауап арқылы ауызекі сөйлеу тілін дамыту.

**Міндеті:**

**а) Білімділік:** үй жиһаздары жайында түсінік беру.

**ә)Дамытушылық:** жиһаз атауларымен таныстыра отырып, таным қабілетін дамыту.

**б)Тәрбиелік:** жиһаздарды күтіп ұстауға, ұқыптылықпен тазалыққатәрбиелеу.

**Күтілетін нәтиже:**

**Жасайды:** сұрақтарға дұрыс жауап беруге, сөздерді бір-бірімен байланыстырып, сөйлем құрауға арналған тапсырмаларды;

**Түсінеді:** үй жиһаздарын не үшін қолданатынын;

**Қолданады:** үй жиһаздарының аттарын (үстел, диван, кереует, орындық) күнделікті өмірде.

**Көрнекіліктер:** (бөлме жиһаздары суреттері), топтағы жиһаздар.

**Алдын ала жүргізілетін жұмыс:** әңгімелесу.

**Сөздік жұмыс:** жиһаз, кереует, үстел, орындық.

**Билингвалды компонент:** жиһаз – мебель, кереует – кровать, үстел – стол, орындық – стул.

**ҰОҚ барысы:**

**Ұйымдастырушылық кезең.**

Шаттық шеңберінде тұрып, бір-біріне жылы лебіздерін білдіреді.

**Негізгі кезең.**

– Балалар, Әйгерімнің өз бөлмесі бар екен. Кәне, мына жаққа қараңдаршы? Бөлмесі қандай? Әдемі.

– Бөлмесінде не бар екен?

– Дұрыс, жиһаздар. Жиһаз– диван, орындық, үстел, кереует. – Мынау не? (Үстелді көрсету).

– Үстел не үшін керек?

– Ол үстелдің түсі қандай? (Қызыл) Біздің топта үстел бар ма?

Суретке қарап, жауап береді. – Мынау не?

– Дұрыс, орындық,

– Ол орындық не үшін керек? – Ол орындықтың түсі қандай?

– Біздің топта орындық бар ма? – Мынау не?

– Диван.

– Ол диван не үшін керек?

– Диванда отырамыз, жатамыз. – Мынау не?

– Кереует.

– Дұрыс, кереует.

– Ол кереует не үшін керек? – Ол кереуеттің түсі қандай?

–Біздің топта кереует бар ма? –Кереуетте жатамыз.

–Мынау не?

–Дұрыс, шкаф.

–Ол не үшін керек? – Оның түсі қандай?

–Біздің топта шкаф бар ма?

–Балалар, сендердің бөлмелеріңде қандай жиһаздар бар?

**Билингвалды компонент:** *жиһаз – мебель, кереует – кровать, үстел – стол, орындық – стул* сөздерін түсіндіреді, қайталайды.

**Сергіту сәті:**

*Орнымыздан тұрамыз,*
*Алақанды ұрамыз.*
*Бір отырып, бір тұрып*
*Бір тынығып аламыз.*

**«Қайсысы жоқ?»** дидактикалық ойыны.

Балалар ойыншық жиһаздарды пайдалана отырып, бір жасырылған жиһазды табулары керек.

Балалардан топтағы жиһаздар, олардың атауы туралы сұрау.

**Рефлексия:**

– Қуыршақ Әйгерімнің бөлмесінде қандай жиһаздар бар екен? – Ол жиһаздарды не үшін пайдаланады?

– Сендердің бөлмелеріңде қандай жиһаздар бар? Сұрақ-жауап арқылы оқу қызметін қорытындылау.

# «Ғарышқа математикамен бірге»

**Тұржанова Эльвира,** №61 «Сұлтан» бөбекжайының тәрбиешісі
Ақтау қаласы



**Мақсаты:** Балаларға ғарыш әлемі жайлы түсінік беру, ғарыш әлемі және оның құпия сырларына деген қызығушылығын арттыру. Балалардың сандар, геометриялық пішіндер туралы білімдерін бекіту. Шығармашылық қабілеттерін арттыру. Ғажайып саяхат арқылы балалар қиялдарын шыңдау. Қисынды есептерді шығара отырып, баланың логикалық, есте сақтау қабілеттерін дамыту, тапқырлығын арттыру.Үлкендердің еңбегін бағалауға, қадірлеуге тәрбиелеу.

**Әдіс-тәсілдер:** саяхат, қисынды есептер, дидактикалық ойындар.

**Қажетті құралдар: интербелсенді тақта,** зымыран, «жұлдызды қалашық», ғаламшарлар, жұлдызшалар, жат планеталықтар бейнесі, қисынды есептер.

**Алдын- ала жұмыс: Балалармен** бірге ғарыш туралы әңгіме, «Күн мен ай бір біріне қалай қонаққа барды» ертегісін оқу; ғаламшар әлемі туралы суреттер қарау, жұлдызды аспан картасымен таныстыру, ғарыш туралы мультфильмдер қарау, танымдық әңгіме «Күн жүйесінің ғаламшарлары», с.р.о. «Ғарыш алаңы», ғарыш туралы тақпақтар мен өлеңдер жаттау.

Балалар музыкамен залға кіреді.

Т: Балалар, қарандаршы бізде бүгін ерекше күн, бізге көптеген қонақтар келіп отыр. Қане бір –бірімізбен қонақтармен амандасып, алайық!

Сәлеметсіздер ме!

Балалар шеңберге тұрып тәрбиешімен бірге қимылдар жасайды

**Шаттық шеңбері**

*Кәне, кәне тұрайық*
*Үлкен шеңбер құрайық*
*Тұрсақ егер шеңберге*
*Алақанды ұрайық*
*Жоғары қарап ай көрдім*
*Төмен қарап жер көрдім*
*Оңға қарап, солға қарап*
*Егеменді ел көрдім.*

Балалар қазір қандай жыл мезгілі?

-Қыс мезгілі

Жыл мезгілінде неше ай бар?

-Үш ай

Бір аптада неше күн бар?

-Жеті күн

Қазір аптаның қай күні?

Дұрыс айтасыңдар.

**Тәрбиеші:** Балалар біз бүгін ғарыш туралы сөйлесеміз. Сендер ғарыш туралы не білесіңдер?

**Б:** Ғарыш бұл жұлдыздар мен ғаламшарлардың сыйқырлы әлемі.

**Т:** Балалар ерте заманда адамдар ғарышқа баруды армандаған, ол үшін құрылысшы ғалымдар ең алғашқы «Шығыс» ғарыш кемесін жасады.

(Экранда көрсетіледі)

**Т:** Балалар сендер ең алғаш ғарышқа ұшқан не екенін білесіңдер ме?

-Иә Лайка деген ит ұшты.

-Иә дұрыс айтасыңдар, Лайка деген ит ұшты. (экранда суреті көрсетіледі), ал 3 жылдан кейін ғарышқа Белка мен Стрелка деген қос ит ұшып, ғарышта бір сағат болып, жерге қайта оралған екен. (суреті)

-Ал ең алғаш ғарышқа ұшқан кім екенін білесіңдер ме?(суреті)

-Юрий Гагарин

-Ал Қазақстан Республикасынан ғарышқа ұшқан кім екен? (суреті)

-ҚР ғарышқа алғаш ұшқан ол Тоқтар Әубәкіров пен Талғат Мусабаев

-Ал сендер ғарышқа ұшқыларың келе ме?

-Біз ғарышқа немен ұшамыз?

-Біз ғарышқа зымыранмен ұшамыз

Кәне Ақнұр бізге айтып берші.

«Зымыран» тақпағын оқиды.

Дұрыс айтасыңдар балалар біз ғарышқа зымыранмен ұшамыз. Бізге ғарышқа ұшу үшін зымыран керек. Құрылысшы ғалымдар зымыранды сызбалар арқылы құрған, барлығымыз алдарымыздағы берілген бөлшектерден зымыран құрастырайық.

**«Танграмм» дидактикалық ойыны.**

Балалар геометриялық пішіндерді пайдалана отырып, зымыран суретін құрастырады.

Зымыран құрастыру кезінде қандай пішіндерді пайдаландық?

-Зымыран үшбұрыш, тік төртбұрыш пішіндерінен құрылған.

-Жарайсыңдар балалар! Зымыранымыз дайын болды. Енді бізге ғарышкерлер керек. Балалар айтыңдаршы ғарышкерлер қандай болу керек.

-Батыл, білімді,мықты,байқампаз, дос.

-Ендеше бәріміз ғарышкерлер боламыз, ғарышқа ұшу үшін бас киімдерімізді киеміз. 1ден 5 ке дейін санаймыз.Кеттік! (зымыранның ұшқан дыбысы шығады.)

(Экранда ғарыштан жер шарының суреті көрсетіледі)

-Балалар қарандаршы біздің жер шары қандай екен? Түсі қандай?

-Жер шары дөңгелек, түсі көк

Ғарышқа да келдік. Біздің айналамызда аспан әлемі және ғаламшарлар. Ғаламшарлардың біздерге даярлаған құпия тапсырмалары бар.

Тақтаға аспан әлеміндегі ғаламшарлар көрінісі бейнеленген сурет ілінеді.

**Күн:** аспанда неше күн бар? (1)

**Жер:** бағдаршамда неше көз бар? (3)

**Ай:** қолғапта неше саусақ бар? (5)

**Жұлдыз:** адамда неше көз бар?(2)

Көлікте неше дөңгелек бар? (4)

**Т:** Мұнда қарандар балалар біздер күн, жер, ай, жұлдыздың берген сұрақтарына жауап беріп жатқанда жат планеталықтар келіп қалыпты. Мынау солардың іздері ғой.

**Таңғажайып сәт:** Жат планеталық кіріп келеді

( музыка ойналады).

-Сәлеметсіздерме балалар! Ой-ой мен өзім тыныштыма өзімнің ғаламшарымда өмір сүріп жүр едім кенеттен, бір ғарыш кемесі қатты жылдамдықпен зымырап ұшып өтіп, күн жүйесіндегі ғаламшарларды орбитадан қозғап кетті. Енді мен өзімнің тұратын ғаламшарымды таба алмай қалдым. Маған ғаламшарларды орындарына қоюға көмектесіңдерші.

-әрине біз саған көмектесеміз, балалар көмек береміз бе?

(Экранға күн жүйесіндегі ғаламшарлар суреттері көрсетіледі)

Тәрбиеші мен балалар суретке қарап, әңгімелеседі, балалар біз ғаламшарлардың орналасу ретін жат планеталыққа айтып берейік.

(күн жүйесіндегі планеталар туралы тақпақ айтады)

Ғарыш әлемінде жұлдызшы өмір сүріпті,
Ғарышшарларын ол санапты,
Бір -деген Меркурий,
Екі – деген Шолпан,
Үш-деген Жер,

Төрт – деген Марс,
Бес – деген Юпитер,
Алты – деген Сатурн,
Жеті – деген Уран,
Сегіз – деген Нептун,
Тоғыз – деген ең алысы Плутон.

**Жат планеталық:** Балалар сендер бәрін біледі екенсіңдер, ендеше маған мына ғаламшарларды алып санамақтағыдай орналастырып беріңдерші.

(Балалар маскаларды киіп ғаламшарларды ретімен орналасып тұрады, балалар орындарына тұрғасын барлығы бірге ғаламшарларды атайды.)

**Ин:** Рахмет балалар! Енді таптым мен төртінші Марс ғаламшарында тұрамын. Енді шатаспайтын болдым.Қандай ақылды білгір балаларсыңдар!

**Т:** Ия біздің балалар білімді де ақылды, бәрін біледі.

Сіз біздің балалармен бірлесіп, күш жинап, жаттығу жасап алыңыз.

**Бой сергітужаттығуы**

*1,2,3 ал қанеки ұш*
*4,5,6,7 мынау ауыл шеті*
*8,9,10 ал қанеки қон.*
*Асықпа да саспа*
*Бірден қайта баста.*

**Ин:** Жарайсыңдар балалар, өте мықты екенсіңдер, ендеше мен сендердің білімдеріңді тексеріп көрейін, менің тапсырмаларымды орындап көріңдерші.

(Логикалыкесептер).

Ал, балалар мұқият тыңдаңдар.

**1-тапсырма:** (суреттерін көрсету)

*Табақта үш алма*
*Қолымызда екі алма*
*Қосқанда барлығын*
*Болады неше алма?* (5)

**2-тапсырма:**

Қонжық екеу, табаны нешеу? (4)

**3-тапсырма:**

Екі қоянның аяғы нешеу? (8)

**4-тапсырма:**

*Үйге жұмсап Жарқынды*
*Алдырдық біз екі түйе*
*Үш қап бидай артылды*
*Әр түйенің үстінде*
*Тапқыр болсаңдар, ал санап*
*Бидай алды қанша қап?* (6 қап)

Балалар өте жақсы сендер бұл тапсырманы да жақсы орындай білдіңдер. Қарандаршы біздің ғаламшардан іздері ғайып болып кетті ғой.

**Дидактикалық ойын:«Орнын тап».**

Балалар сендерге енді соңғы тапсырма беріліп отыр. Алдымызда жануарлардың үйі тұр. Бұл жануарлар нешінші пәтерде, нешінші қабатта тұрады екенін анықтауымыз керек.

Арыстан -1-қабатта, 2-пәтерде тұрады?
Қонжық – 3-қабатта, 1-пәтерде тұрады?
Тиын – 2-қабатта, 3-пәтерде тұрады?
Кірпі – 3-қабатта, 2-пәтерде тұрады?

**Ин:** Жарайсыңдар! Өте білгір балалар екенсіңдер! Ендеше мен үйіме оралайын. Мына жұлдызшаларды ғарыш әлемінен естелік ретінде алып кетіңіздер.

**Т:** Рахмет!

-Сау болыңыз!

Балалар ендеше енді балабақшамызға қайтуға жиналайық. Бәріміз бас киімдерімізді киіп, бәріміз бірге: 1-5 дейін санау, кеттік! (музыка ойналады). Балалар балабақшаға жетеді.Балалар сендердің білімдеріңнің арқасында, бүгінгі ғарышқа сапарымыз сәтті аяқталды.

# «Дыбыстар әлемінде!»

Юсупова Меңсулу, №61 «Сұлтан» бөбекжайының тәрбиешісі
Ақтау қаласы



**Мақсаты:** Өтілген әріптер мен дыбыстарды қайталай отырып, оларды байланыстырып сөз және сөйлемдер құрай білуін дамыту. Дыбыстық құрылымы әртүрлі үш және төрт дыбыстардан тұратын сөздерге дыбыстық талдау жасауды жетілдіру. Дауысты және дауыссыз дыбыстарды ажырата отырып, сөздерді буынға бөлуге үйретуді жалғастыру. Белсенділікке және ұқыптылыққа бейімдеу.

**Шаттық шеңбер**

*Амансыз ба дейміз барлық адамға,*
*Амандасу парыз маған саған да!*
*Бәлкім содан ұзарады жасымыз,*
*Ауырмаймыз менде сенде бәріміз!*

**Тәрбиеші:** Балалар бүгінгі көңіл-күйлеріңіз қалай?

**Балалар:** Жақсы

**Тәрбиеші:** Жарайсыздар балалар! Ендеше жақсы көңіл күймен оқу қызметімізді бастайық!

**Ғажайып сәт**

**Тәрбиеші:** Балалар, қарандаршы менің қолымдағы не нәрсе екенін білесіңдер ме?

**Балалар:** Асық

**Тәрбиеші:** Ия. Бұл асық төрт түлік малдың сүйегінен алынады екен. Ендеше менің қолымдағы асық жай асық емес, бұл алтын сақа. Балалар бұл алтын сақаның ішінде бүгінгі сауат оқу қызметіне арналған көптеген тапсырмалар бар екен. Егерде осы тапсырмаларды дұрыс орындап шықсақ, дыбыстар еліндегі ғажайып сандықшаға тап болады екенбіз. Ғажайып сандықшаға барғыларың келе ме? Ал балалар, осы тапсырмаларды орындауға дайынбыз ба?

**Балалар:** Ия

**Тәрбиеші:** Олай болса 1- тапсырмаға кезек берейік

**1- тапсырмасы** а) Д/О: «Қай дыбыстан басталады?»

Суреттегі заттың қай дыбыстан басталғанын айтады.

**ә) Әріптерді сәйкестендір**

Балалар бұл тапсырмада бас әріптерді кіші әріптерге қосып шығады.

**2-тапсырма: а) Кім зерек?**

**Ойын шарты:** Тәрбиеші дауысты және дауыссыз дыбыстарды атайды. Ал балалар сол әріптердің дауысты және дауыссыз екенін алдарындағы қызыл және көк асықты көтеру арқылы көрсетеді.

**3-тапсырма:**

Ребус шешу. «Ас –атасы нан» Бұл мақалды қалай түсінесіңдер?

Дастарханға алдымен не қойылады? Жауабын бірге іздеп көрейік

Нанға бал жағып жеп отырған Асқар әжесіне қарап: Әже, бал тәтті ме, әлде нан тәтті ме? –деп сұрады.

-Нан тәтті,- деп жымиды әжесі

-Жоқ, әже, бал тәтті ғой ,- деді Асқар

-Иә, балам бал тәтті. Бірақ қанша тәтті болса да, күнде жей алмайсың? Ал нанды күн сайын жейсің? Наннан қасиетті тағам жоқ. Сондықтан нан тәтті десек те болады.

Жақсы балалар Асқардың әжесі не себептен нанды тәтті деді?

Сендердің ойларыңша нан тәтті ме, әлде бал тәттіме? Балалардың жауабы: Себебі Ас атасы нан! Балсыз өмір сүруге болады, нансыз өмір сүруге болмайды. Бал көп жесек денсаулығымызға зиян. Ағзамызда қан көбейіп, тісімізге құрт түседі. Нанды күн сайын жейміз.

Ас, нанға байланысты қандай тиымды сөзерді білесіңдер?

Нанды жерге тастама!

Дастархандағы нанды төңкеріп қоюға болмайды.

Дастарханға алдымен нан қойылады.

Нанды бір қолмен сындыруға болмайды.

Жерге түскен тамақты басуға болмайды.

Нанды бір қолыңмен үзбе.

(Тапсырманы орындау барысында 4К модулі бойынша коммуникациялық ойлау байқалады).

**Сергіту сәті**

Балалар мен сендерге әріптерді атаймын, ал сендер сол әріпке байланысты қимыл жасайсыздар.

А дегенде-айналасыңдар,

Т дегенде- аяқтарыңды топылдатасыңдар

Ш дегенде- қолдарыңды шапалақтайсыңдар.

О дегенде отырасыңдар.

**4- тапсырмасы:**

а) Бұл тапсырма бойынша алдарыңда берілген шана және етік суреті бойынша шана және етік сөзін жазып, сөзге дыбыстық талдау жасау керек. Шана және қар сөздеріне сөйлем құрау.

Сұрақ: - Шана, етік сөзінде неше әріп , неше дыбыс бар?

-Неше дауысты дыбыс бар?

-Неше дауыссыз дыбыс бар?

Бұл тапсырмада жаңа әдісті қолдана отырып, өз-өзін тексеру әдісі бойынша экранға шана ,етік сөзінің талдауы шығады. Балалар өз жұмыстарын өздері экран арқылы салыстырып тексереді.

(Бұл ойынды ойнау үшін 4К модулінің сыни ойлау, командалық жұмыс әдісі бойынша балаларды екі топқа бөлдім).

**5-әріп тапсырмасы:**

Д/О: Ойлан тап Слайдпен жұмыс

Шарты: **1-топ**: Берілген суреттердің ішінде **Е** дыбысынан басталатын сөздерді табыңдар.

**2-топ: Е** дыбысынан аяқталатын сөздерді табыңдар.

**Тәрбиеші:** Жарайсыңдар балалар! Сендер алтын сақаның ішіндегі берілген тапсырмаларды бәрін жақсы орындадыңдар! Ендеше дыбыстар әлеміндегі

ғажайып сандықшаға баратында уақытымыз келді. Ол үшін мына жол кедергілерінен өтуіміз керек екен.

Міне, дыбыстар әлеміндегі ғажайып сандықшағада келдік. Ғажайып сандықшаның сендерге дайындап қойған сыйы бар екен. Бірақ ол сиқырлы сандық сияқты. Сандық ашылу үшін сендер дыбыстар әлемі туралы не білетіндеріңізді айтуларыңыз керек. Балалар олай болса дыбыстар туралы білетінімізді Ғажайып текше арқылы айтып берейік. Қане қай текшенің тапсырмасы түседі екен?

**Тәрбиеші: Жасыл текше.**

-Сауат ашу оқу қызметінде біз нені үйренеміз?

-Әріп дегеніміз не?

-Әріпті біз не істейміз?

**-Қызыл текше**

-Дыбысты ше?

-Дыбыстар нешеге бөлінеді?

**-Көк текше**

-Дауысты дыбысты қандай түспен белгілейміз?

-Дауыссыз дыбысты қандай түспен белгілейміз?

**-Сары текше**

-Дыбыстан не құраймыз?

**-Күлгін текше**

-Буыннан не құраймыз?

**--Қоңыр текше**

-Сөзден не құраймыз?

**Тәрбиеші:** Балалар ғажайып сандықшаның дайындап қойған сыйын алып, балабақшаға оралады.

**Қорытынды:** Балалар сендердің алдарыңда қыстырғыштар, күн және бұлт тұр. Егер сендерге оқу қызметі ұнаса мына қыстырғыштарды қолданып күннің сәулесі етіп жасайсыңдар, ал оқу қызметі көңілсіз өтсе қыстырғышты алып бұлтқа жаңбыр етіп қыстырасыңдар.

Балаларды мадақтау. Сыйлықтарын таратып беру.

# «Күзгі өлең»

**Жаңайқызы Жұлдыз,** №61 «Сұлтан» бөбекжайының ән саз мұғалімі
Ақтау қаласы



**Мақсаты:** Әнді есте сақтай білуге үйрету. Ән арқылы балаларға жыл мезгілінің әртүрлі құбылыстары болатынын үйрету, күз мезгілінің құбылыстарын музыка арқылы ажырата білуге үйрету. Әндерді, ойындарды орындауға қызығушылықтарын дамыту. Зейінділікке, ұстамдылыққа, тапқырлыққа баулу. Балаларды табиғатты қорғауға, оның сұлулығын сезіне білуге тәрбиелеу.

Жетекші балаларды көтеріңкі көңіл күймен, көңілді әнмен, ән-саз залында қарсы алады. Шаттық шеңберіне жинайды.Балалар залға көңілді әуенмен, ер балалар қолдарын белдеріне қойып, қыз балалар көйлектерінің етектерінен ұстап, сап бойынша шаттық шеңберін жасап кіреді.

**Музыка жетекшісі:** Балалар, бізде бүгін ерекше күн. Қараңдаршы бүгін бізге көптеген апайлар қонаққа келіп отырекен. Олай болса ұйымдастырылған іс-әрекетімізді бастамас бұрын, апайлармен амандасып алайық.

*(музыка жетекшісі күйсандықпен сүйемелдеу арқылы әндетіп амандасады)*Амансың ба, алтын күн (қолдарымен күнді көрсету).

*Амансың ба, достарым (құшақтау).*
*Амансың ба, көздерім жұм-жұм-жұм.*
*Амансың ба, мұрыным бип-бип-бип.*
*Амансың ба, ерінім трум-трум-трум.*
*Амансың ба, беттерім (сую).*
*Амансың ба, құлағым (тыңдау).*
*Амансың ба, қолдарым ша-па-лақ.*
*Амансың ба, аяғым топ-топ-топ.*
*Сәлеметсіздер ме, апайлар!*

Балалар орындарына отырады.

Сұрақ-жауап:

Балалар қазір жылдың қай мезгілі?

-Қазір жылдың күз мезгілі.

Күз мезгілінде неше ай бар?

-Күз мезгілінде 3 ай бар: қыркүйек, қазан, қараша.

Күз мезгілінің ерекшеліктері қандай?

-Жапырақтар сарғайып, жерге түседі.

Күз мезгілінде ауа-райы қандай болады?

-Күз мезгілінде ауа-райы салқын болады, жаңбыр жауады.

Күз мезгілінде нелер піседі?

-Күз мезгілінде жемістер мен көкөністер піседі.

Дұрыс айтасыңдар балалар, күзде айнала сары кілемге төселеді.

Өздерің күз мезгілі туралы барлығын біледі екенсіңдер. Ал енді күздің құбылыстарын өз көзімізбен тамашалап қайту үшін, күзгі бакқа саяхат жасап табиғатын тамашалап келеміз бе?

**Балалар:** Ия.

**Музыка жетекшісі:** Олай болса, орнымыздан тұрамыз.

Балалар, күзгі баққа жету үшін алдымыздағы музыкалық кедергіден өтуіміз керек екен. Көгілдір экранға назар аударайықшы. Бұл жерде 4 белгі берілген, қазір музыка қосылған кезде жүреміз. Әр балаға 1 белгіден беріледі. Егер жүрек белгісі көрсетілсе экраннан, құшақтаймыз. Алақанның суреті шықса, алақанымызды соғамыз, келесі белгі де жұдырығымызды соғамыз, және қол алысу белгісі. Түсіндік пе, балалар? Бұрыламыз.

Көңілді музыка ойнап, балалар белгідегі тапсырманы орындау арқылы кедергіден өтеді.

**Музыка жетекшісі:** Тамаша балалар, жарайсыңдар. Музыкалық кедергіден өтіп, күзгі баққа да келіп қалдық. Табиғаты қандай тамаша ия балалар?

*(Желдің дауысы кезінде жапырақтарды шашып тастау).*

**Музыка жетекшісі:** Естіп тұрсыңдар ма, балалар бұл ненің дауысы?

**Балалар:** Желдің дауысы

**Музыка жетекшісі:** Дұрыс айтасыңдар, балалар. Ал енді себетте тұрған құбырларды бір-бірден алып, желдің дауысын шығарайықшы.

Желдің дауысын шығару.

Қане күз мезгілінің ерекшеліктерін ары-қарай тамашалайық. Ой балалар, қарандаршы, мына ағаштың көңіл-күйі жоқ екен?!

Сәлематсыз ба, сіздің неге көңіл-күйіңіз жоқ? Сізге не болды?

Ағаш сөйлейді.

Балалар, ағаштың барлық жапырақтарын жел ұшырып алып кеткені үшін ағаш бізден көмек сұрап тұр. Біз ағаштың жапырақтарын жинап көмектесеміз бе?

Олай болса оң жақ қатардағы балалар, сары түсті жапырақтарды ал сол жақ қатардағы балалар қызғылт сары түсті жапырақтарды жинаймыз. Түсінікті ме балалар? Санаймыз: бір, екі, үш...

Жарайсыңдар балалар, ал енді қолымыздағы жапырақтарды ұшыру арқылы тыныс алу жаттығуларын жасаймыз. Оң қолымызды ішімізге қойып, жапырақты сол қолымызға ұстап, қолымызды көтереміз, аяқтарымыздың арасын сәл ашып тұрамыз. Демімізді ішке терең алып, жапырақты үпіру арқылы жәй шығарамыз. Дем алған кезде иығымызды көтермейміз.

Балалар жапырақтарды түсіне қарай *2 себетке* жинайды. Ағаш қуанып, қоштасады.

Ал енді балалар, алдыңғы ұйымдастырылған іс-әрекетімізде үйренген «Алтын күз» әнімізді қайталап орындайық.

Балалар, әнді орындап жатырған кезінде қағаздарды орындықтарына қойып шығу.

**Музыка жетекшісі:** Ал енді балалар, сиқырлы сөзді айтып балабақшамызға оралайық.

*Бір, екі, үш...*
*Сиқырым күшіне ене түс.*
*Көзімізді жұмып күзгі бақта*
*Оралайық бақшамызға осы шақта*
*Балабақшаға оралу.*

**Музыка жетекшісі:** Балалар, біз күзгі бақтан табиғаттың әсем бейнесін көріп тамаша дауысын естідік. Ал ендеше орындығымызда тұрған сиқырлы қағаздарды қолымызға аламыз. Осы сиқырлы қағаз арқылы, табиғаттың тамаша дауысын, музыка ырғағына сәйкес қағаздарды сілкіп, алақанмен соғу арқылы әдемі әуенмен жеткіземіз.

«Көңілді жаңбыр» қағаз оркестрін қабыл алыңыздар!

Жарайсыңдар балалар.

Балалар, біз бүгін саяхатқа қайда бардық?

Сендерге бүгінгі ұйымдастырылған іс-әрекеті ұнады ма?

Осымен бүгінгі ұйымдастырылған іс-әрекетіміз аяқталды. Келген қонақтарға не айтамыз балалар?

Сау болыңыздар!

# «Ойнайықта, ойлайық»

**Кансултанова Нуржамал**, №61 «Сұлтан» бөбекжайының тәрбиешісі
Ақтау қаласы



**Мақсаты:** Ұлтымыздың негізсіз ұмытылып бара жатқан ойынын жаңғырту, асықтар мен ою - өрнектердің түрлерімен танысу, тапсырмаларды орындау.

Ұлтымыздың негізсіз ұмытылып бара жатқан ойынын жаңғырту, бабаларымыздың ойыны туралы түсінік беріп, қызығушылық ояту. Асық ойнату арқылы балаларды дәлдікке, мергендікке ептілікке жеңіске деген құштарлыққа намысқойлыққа, әділдікке баулу. Балаларды ұлтымыздың құндылықтарын қастерлеуге баулу. Балалардың өйрісін дамыту. Балаларды ұлттық ойындарға қызықтыра отырып, ұлтжандылыққа тәрбиелеу.

**Қолданылатын әдіс-тәсілдер:** сұрақ-жауап, ойын, асық технологиясы.

«Жылулық шеңберіне арналған әдемі сөздер»

-Балалар, қазір жылдың қай мезгілі?

-Қазір жылдың қыс мезгілі.

-Қыс мезгілінде неше ай бар?

-Қыс мезгілінде үш ай бар.

-Қыс мезгілінің айларын атайықшы?

Желтоқсан, Қаңтар, Ақпан.

Дұрыс айтасыңдар!

-Ежелде Қазақ елі қандай үйде өмір сүрген?

-Киіз үйде өмір сүрген.

-Неліктен киіз үйде өмір сүрген?

-Ол жиналады, құрастырылады.

-Киіз үйдің пішіні қандай?
-Домалақ.
-Балалар сендер киіз үйді көрдіңдер ме?
-Балалардың жауабы.

***Тәрбиеші:*** Балалар бүгінгі оқу қызметіміз өте қызық болмақ. Балалар бүгін біз қайда қонаққа келдік?

**Балалар:** Киіз үйге келдік.

***Тәрбиеші:*** Жарайсыңдар балалар. Балалар қарандаршы менің қолымда не бар?

**Балалар:** Асық.

- Балалар асық дегеніміз не? Кім біледі? Асық қайдан шығады?

**Балалар:** Біздің үйде асық бар, әжем оны қойдың аяғынан алдым дейді.

***Тәрбиеші:*** Жарайсыңдар балалар, Қойдың жілігінен алынады.

**Ата:** Ой балалар сендер мұнда қайдан жүрсіңдер.

**Балалар:** Сұлтан балабақшасынан келдік.

**Тәрбиеші:** Ата сізде асықтар өте көп екен. Асық туралы қандай ойындар білесіз?

**Ата:** Асық спорттық ойынға жатады. Асықтармен ұлттық ойындарды ойнауға болады.Олар асық ату, Ханталапай, Үш табан т.б.

**Тәрбиеші:** Ата бізге асықтардың түрлері туралы айтып берсеңіз?

**Ата:** Асық түрлеріне қарай сақа, кеней болып, бөлінеді. Сақаға ірі үлкен қошқар, ісек асықтарының оңқайы алынады. Кеней деген қой, ешкі, киік, қозы, лақ асықтарының жалпы аты. Асықты тәйкесінен тұрғызып, өзіне қаратып қойғанда, ұшы оң жаққа қарап тұрса онқай, ал сол жаққа қарап тұрса – солақай асық деп аталады.

Сақаның түрлері: айналсақ сақа, жымпиыт сақа, тәйпек, қорғасын сақа.

**Ата:** Балалар сендер қандай ұлттық ойындарды білесіңдер.

**Балалар:** Теңге алу, Арқан тарту ойыны, Қазақ күресі ойыны,Білектесу ойыны, Жасырынбақ ойыны, Қыз қуу.

**Ата:** Жарайсыңдар! Көп ойындарды біледі екенсіңдер. Мына асықтарды сендерге сыйлыққа берейін. Балабақшаларыңа барып ойнарсыңдар.

**Балалар:** Рахмет ата!

**Тәрбиеші:** Балалар біз енді балабақшамызға барайық. Мына асықтарды ойнауға ғана емес оқу қызметтерімізге пайдаланайық.

Балабақшаға оралады.

**Тәрбиеші:** Балалар олай болса үш топқа бөлініп үстелдерге отырайық.

**Балалар:**

**1-топ: «Пішіндердің сәйкесін тап».**

Шарты: Түрлі түсті пішіндерді түсіне қарай сәйкестендіріп қоямыз.

**2-топ: «Қанша болды?»**

Шарты:Берілген санға қарап, асықтарды түсіне қарай жіпке тізу.

**3-топ:** Мақсаты: Асықтағы сандарды ретімен орналастыру.

**Сергіту сәті: «Асық биі».**

Шарты: Әуен мен бірге қызыл, сары, жасыл, көктүсті асық ұстаған балалар, әуен тоқтағанда түстеріне қарай топтасады.

**Тәрбиеші:** Асық туралы қандай мақалдар білесіңдер?

**Балалар:**

**Мирас:** Оқығанның асығы алшысынан түседі.

**Фатима:** *Асық ойнаған – ақтық,*
*Доп ойнаған – тоқтық.*

**Диана:** *Асығын ата алмаған,*
*Сақасынан көреді.*
*Сөзін сөйлей алмаған,*
*Атасынан көреді.*

**Тәрбиеші:** Жарайсыңдар!

**Қорытынды.**
-Бүгінгі оқу қызметі ұнады ма?
-Асық қайдан пайда болады?
-Асықпен қандай ойындар ойнаймыз?
-Оқу қызметінде қандай ойын ойнадыңдар?
-Қандай оюды білесің?
-Оюды не үшін пайдаланады?

Балаларды мадақтау. Сұрақтарға жауап берген балаларға сыйлықтар беру.

# «Көңілді степ-аэробика»

Сарсенғалиева Назира, №61 «Сұлтан» бөбекжайының дене шынықтыру нұсқаушысы
Ақтау қаласы



**Мақсаты:** Балаларға адам денсаулығының құндылығын, өмір сүру үшін қажеттілігін, басты байлық екенін ұғындыру. Балаларға гимнастикалық қабырғаға өрмелеуге, жіпке ілінген құрсаудың ішінен өте білуге үйрету. Балалардың денсаулығын нығайтуға арналған степ тақтайының элементерін қолдану арқылы балалардың бойын түзеп жүруін, икемділігін ой-өрісін дамыту. Балаларды ептілікке, ұқыптылыққа тәрбиелеу. Балалардың танымдық қабілеттерін дамыту, сөйлеу шеберлігін жетілдіру. Тазалыққа, спортқа, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. Түрлі жаттығулар кезінде балалардың денесін тік ұстап, түзу жүруге дағдыландыру, жаттығуларды дұрыс орындауға үйрету. Ойын кезінде балалардың белсенділігін арттырып, көңілдерін көтеру мақсаты көзделеді.

**Керекті құралдар:** гимнастикалық қабырға, гимнастикалық скамейка, степ платформалар, құрсаулар.

**Кіріспе.**

Балалар маршпен залға кіреді.
-Сәлеметсіңдер ме балалар!
-Балалар қазір жылдың қай мезгілі?
-Қыс мезгілінің ерешеліктерін кім айтып береді?
Жарайсыңдар, балалар.
Залға Тазша бала кіреді.

**Тазша бала:** Сәлематсыздар ма балалар! Ой, басым аурып барады.

**Д/ш жетекшісі:** Не болды, Тазша бала , айтшы өзің?

**Тазша бала**: Енді не істеймін? Басымның ауырғаны қоймай тұр-ау.

**Д/ш маманы:** Неге сенің басың ауырады?

**Тазша бала:** Ой, білмеймін, неге аурып тұрғанын. Ой, басым, басым!

**Денешынықтыру жетекшісі:** Балалар сендер қалай ойлайсыңдар?Адам үшін осы өмірде ең басты не қажет?

-«Денсаулық»

-Дұрыс. Ал денсаулығымыз мықты болу үшін не істеуіміз керек?

-Денемізді шынықтыруымыз қажет,жаттығулар жасап спортпен шұғылдануымыз керек.

**Д/ш жетекшісі:** Балалар денім сау болу үшін таза болып жүру мен бірге тағы не істеуіміз керек?

**Балалар:** Таза ауаға шығып серуендеп тұру керек,көп жүру керек.

**Д/ш жетекшісі:** Жалқау болсаң қандай боласың?

**Балалар:** Жалқау болсаң, бойың өспейді.Жалқау болсаң, аурушаң боласың.

Жалқау болсаң, мықты бала болмайсың.Жалқау болсаң, жарқырап жайнап жүре алмайсың.

**Д/ш жетекшісі**: Дұрыс айтасыңдар балалар.Адамдар әрқашан қимылды қозғалыста жүрсе біздің ағзамыздағы қан жүрісі де қозғалыста болып жұмысы жақсарады. Ауруларға қарсы тұра алатын боламыз. Денеімізді сақтау үшін зиянды әдеттерден аулақ болу керек. Ендеше қарап қалмайық Тазша бала таза ауаға шығып бірге жаттығу жасап, салауатты өмір салтын ұстанайық. Тазша бала бізбен бірге тауға шығып, үңгірден өтіп,көпір үстімен жүріп ,көңілді ойындар ойнап қайтыңыз ,сол кезде басыңның ауырғаны қояр.

**Д/ш жетекшісі:**

1. Степ тақтайшасының арасымен баяу,ирелеңдеп жүру. Стептің үстімен секіріп жүру( 3 қатар тұру)

**Ұйымдастыру кезеңі: ЖДЖ**

Степте жаттығу жасау

1. Б.қ. степке міну қолды алға созып, жоғары көтеру, қайта алға түсіріп. Б.қ келу. (4-5 рет қайталау)

2. Б.қ. степ үстінде тұрып аяқты алшақ қою. Қолды жоғары көтеріп тұрып, екі жаққа кезек иілу. (4-5 рет қайталау)

3. Б.қ. Аяқты қосып ұстау. Степке мініп қолды алға созып, өкшені көтеріп, отырып тұру. (4-5рет қайталау)

4. Б.қ. степте аяқты созып отыру. Отырып қолды алға қарай созып, аяқтың басына жеткізу. (тізені бүкпеу 4-5 рет)

5. Б.қ. Степте тұрып бір қолды жоғары көтеріп, сонымен қатар аяқты да көтеру. (4-5 рет)

6. Б.қ. Степке оң аяқты қойып екінші аяқты бүкпей алға итерілу, қолды алға созу. Екінші аяққа қайталау. Б.қ. ор. 4-5 р

7. Б.қ. Екі аяқты біріктіріп созу, бірнеше рет секіру. Қолдарды белде ұстау. 7-8 рет

8. Б.қ. Бір орында баяу жүру. Секіру 7-8 рет. Бір қатарға тұру.

**Негізгі жаттығу. 2 қатарға тұру.**

**1.** Гимнастикалық қабырғаға тақтай арқылы өрмелеп, жоғары-төмен түсіп-шығумен айналысады.(аяқтарын дұрыс ұстауды ескертеді).

**2.** Гимнастикалық скамейка үстімен жүру, іллулі тұрған құрсаулар ішінен өту.

**3.**Степ тақтайшаның үстімен секіріп жүру.

**Д/ш жетекшісі:** Жаттығуларды орындап болдық, енді бір көңіліміз сергіп қалу үшін Тазша баламен бірге көңілін көтеріп ойынын ойнап жіберейік.

**1-ойын: «Стакан үру»**

**Шарты:** Степ тақтайшаның үстімен жүгіріп, стол үстіндегі пласссмас стаканды қатты үріп құлату.

**2-ойын: «Кім жылдам?»**

**Шарты:** Балалар алдындағы степ тақтайшаның үстімен жүгіріп барып алдында тұрған Тазша баланың қолынан допты алу, ойын осылай жалғаса береді.Қай топ допты көп жинаса сол топ жеңіске жетеді.

**3-ойын: «Кім епті?»**

**Шарты**: Жылан секілді ирелеңдеп барлық топ мүшесі бір-бірінің белінен ұстап белгіленген жерден айналып келу.

**Д/ш жетекшісі:** Тазша бала бізбен бірге жаттығулар орындап көңілің сергіп қалған болар. Ойын ұнады ма?

**Тазша бала:** Ия балалар сендерге көп рахмет. Ия өте көңілді болды.

**Денешынықтыру жетекшісі:** Балалар ойын ұнады ма?

**Балалар:** Ойын ұнады.

**Д/ш жетекшісі:** Олай болса, қазір Тазша бала ,балалар тыныс алу жаттығуларын жасаймыз.

**А. «Кәнеки, балалар, жылынайық!»**

Аяқты иықпен еңдестіріп қойып, қолдарды екі жаққа жаю керек. Алақан ашық, саусақтар бос. «1» дегенде – балалар қолдарын дереу алдына қарай айқастырып, жауырынға жеткізеді және тыныс шығарады. «2» дегенде – қолдарын қайта екі жаққа жаяды және қайта тыныс алады.

**Ә. «Шаңғымен сырғанау»**

Аяқты шаңғы тебетіндей етіп қою керек, сосын сәл еңкейіп тізені бүгуі керек, оң қол созылған, қолмен «шаңғы таяқшасын» ұстап тұрғандай. Сол қол артқы жақта, алақан ашық. «1» дегенде – шаңғы тепкен сияқты баяу тізе бүгіп, сол қолды алға қарай шығарады, дәл осы кезде өкпеден ауаны сыртқа шығару керек. «2» дегенде – бастапқы қалыпқа қайта келіп, еркін тыныс алу керек.

**Д/ш жетекшісі:** Жарайсыңдар балалар, сонымен денсаулық дегеніміз не екен.

**1-бала:** *Денсаулық – ол шыныққан,*
*Барлық денең мүшесі.*
*Денсаулық – ол тыныққан,*
*Жүйке тамыр жүйесі.*

**2-бала:** *Денсаулық – ол күлуің,*
*Көңіл күйің жадырай.*
*Денсаулық – ол жүруің,*
*Ешбір жерің ауырмай*

**Тазша бала:** Балалар сендер өте мықты шапшаң және қабілетті екенсіңдер. Рахмет балалар ,сендермен жаттығу жасап,ойын ойнап басымның ауырғаны қойды. Жарайсыңдар,енді үнемі осылай спортпен шұғылданып жүретін боламын. Сау болыңдар балалар.

(Тазша бала шығып кетеді)

**Д/ш жетекшісі:** Балалар отырып, қолымызға кішкене доптарымызды алып, көзімізді жұмып денемізге массаж жасау арқылы бізге кімнің келгенін, не істегенімізді есімізге түсірейік.

Сендерге жаңа жаттығулар ұнады ма? Қандай кедергілерден өттік? Қандай ойындар ойнадық?

Балалар кәне сапқа тұрамыз!

**Д/ш жетекшісі:** Деніміз сау болсын десеңдер, міне жоғарыда айтылғанның бәрін денсаулық үшін істелетін жұмыстар. Таза ауада демалу, спортпен шұғылдану, денені күтіп ұстау, еңбек ету, дұрыс тамақтану барлығы салауатты өмір салтына жатады. Осы айтқандарды күнделікті тұрмыста пайдалануымыз керек. Ендеше қоштасамыз , сау болыңыздар!

Соңында сапта тұрып бір-бірлеріне денсаулыққа байланысты тілектерін білдіреді.

# «Қазыналы қапшық»

**Жоламанова Мадина,** №61 «Сұлтан» бөбекжайының дене шынықтыру нұсқаушысы
Ақтау қаласы



**Мақсаты:** Салауатты өмір салтына үйрете отырып, шапшаңдық, ептілік, төзімділік сияқты қасиеттерін дамыту. Ұжым болып жұмыс жасауға тәрбиелеу. Балалардың денсаулыққа, ойынға деген құштарлықтарын дамыту, балалардың дене қимылдарын, бұлшық еттерін жетілдіру, ойын арқылы көңіл-күйлерін көтеруді қалыптастыру. Дене шынықтыру ойындарын қызыға ойнауға баулу, ойынға деген қызығушылықтарын, белсенділіктерін арттыруды үйрету. Спорттық ойындарды ойнай алуға тәрбиелеу.

**Міндеттері:**

-Дәстүрден тыс әдістерді қолдана отырып, әр баланы өз бетімен шынығуға үйрету;

-Жаттығулардың барлық түрлерін нақты орындауға, қимыл-қозғалыс қажеттілігін дамыту;

-Ұйымдастыру қабілетін дамыту, өз қатарластарымен достық қарым-қатынасты қолдау. Ерте жастағы балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту.

***Қолданылатын құралдар:*** 2 гимнастикалық тақтай, құм салынған қалталар, бағандар, кедергілер, қаптар, доптар.

**Оқу қызметінің барысы:**

Жалпы сапқа тұру, түзелу, амандасу. Залдың бір шетінен екінші шетіне ирелеңдеп жүру,тізені жоғары көтеріп,аттар сияқты жүру. Қолдарына жаттығу жасау, екі жаққа созу, алдыға созу, белге қою, жоғары көтеру, өкшемен, аяқ ұшымен жүру.

Жалпы дамыту жаттығулары (құм толтырылған қалтамен)

*1.«Қалтаны бер»Б.қ.аяқты сәл алшақ қойып алу,қалтаны оң қолмен төмен қаратып ұстап тұру. 1.Қолды жанға созу.2.Жоғары көтеріп,сол қолға қалтаны қойып қарау. 3.Қолды жанға созу. 4.Б.қ-қа келу,6 рет қайталау.*

*2. «Иілу».Б.қ:аяқты иық деңгейімен қойып,қолды бос ұстау. 1.Алдыға иіліп,қалтаны алдындағы жерге қою. 2.Түзеліп тұру. 3.Иіліп,қалтаны алу. 4.түзелу, қолды жоғары көтеру.6 рет қайталау.*

*3. «Отырып-тұру». Б.қ:Аяқты иық деңгейімен қойып,қолда қалта. 1.Қолды алдыға созып отыру. 2.Б.қ-қа келу. 8 рет қайталау.*

*4. «Секіру» Б.қ: аяқты иық деңгейімен қойып,қолды белге қою.Қалта жерде жатады.Қалтаның оң жағынан,сол жағынан айналып секіру.2-3 рет айналып секіру,жүру.*

**Мотивация-қозғаушы:** Есік қағылып почташы хат әкеледі. Хатта, балалар орманда тастардың арасында сендерге арналған сыйлық бар, сол сыйлықты іздеп табуларыңызды сұраймын. (с) Орман патшасынан

Балалар олай болса біз орманға жолға шығамыз. Бару үшін түрлі кедергілерден өтуіміз керек.

**Негізгі қимылдар:**

*1.Көлбеу қойылған тақтайдың үстінен бастарына қалтаны қойып жүру.*

*2.«Түрлі-түсті кілемшелер» – алақанға және табанға арналған жаттығуларды орындау үшін.*

Балалар біз қазынаны таптық, енді көңілімізді одан әрі көтеріп, ойын ойнап алайық.

**1.«Жылан.»**

Шарты: Апай мен балалары бір-бірінің артынан ұстап араларын үзбей кедергілер арасымен жүру.

**2. «Кім бірінші қазынаны орнына қояды?»**

Шарты: балалар бастарына қалтаны қойып ,белгіленген жерге жүгіріп барып, қалтаны ыдысқа салып кері қайту.

**3. «Кедергімен допты домалату.»**

Шарты: Кедергілер арасынан екі қолмен допты ұстап, допты домалатып межеге дейін барып, қайта солай қайтады. Кезекті келесі бала алады.

Балалар енді балабақшамызға оралайық ол үшін көзімізді жұмып, айналамыз.

Тыныс алу жаттығуы:

Қолымызды алға созып, алақанымыздағы тортымыздың жанып тұрған шырақтарын үрлейміз.(2-3 рет қайталау)

**Кері байланыс:**

Балалар бізге почташы не әкелді. Біз қайда жолға шықтық. Не істедіңдер, жасырылған қазынаны таптыңдар ма?

Қандай ойындар ойнадыңдар.

**Орындады:** гимнастикалық тақтайдың спорттық құрал екеннін және онымен көп жаттығулар жасауға болатынын. Құм толтырылған қапшықпен тепе-теңдікті сақтап жүре білуді үйренді.

**Түсінеді:** жаттығулар, қатарға тұру, бір қатармен жүру.

**Қолданады***: жаттығулар орындау кезінде тынысты тоқтатпау дағдыларын, бөлме кеңістігінде бағдарлай алуды.*